Барлық оқу жылдарына арналған бағалау кезеңдегі 2021-2022 оқу жылы және 2022-2023, 2023-2024 оқу жылындағы оқу жоспарлары мен сабақ кестелері мектеп басшысының бұйрығымен бекітілген.

Сабақтар мен факультативтік сабақтар кестесіндегі білім салалары бойынша оқу пәндерінің сағат сандары ҚР БЖҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына және МЖМБС талаптарына сәйкес. «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық - эпидемиологиялық талаптар» санитариялық

қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы қолданысқа алынып, белгіленген талаптар мен нормалар сақталады, оқу сабақтарының кестесі, сабақтардың ұзақтығы және өзгерістерді ұйымдастыру талапқа сай жүргізілді.

**ҚОРЫТЫНДЫ:** Есепті кезеңге арналып әзірленген және бекітілген жұмыс оқу жоспары, сабақ кестесі, үлгілік оқу жоспарлары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы бойынша және толықтырулар мен өзгерістер бойынша, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» бойынша талапқа сай жасалған.

**Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру.**

**Талдау нәтижелері:**

«Нұра жалпы білім беретін мектебі» КММ –нің 2021- 2022, 2022- 2023, 2023-2024 оқу жылындағы инвариантты компонент пәндері бойынша жалпы білім беру бағдарламалары, оқу пәндері бойынша күнтізбелік – тақырыптық жоспарлар, теориялық және практикалық сабақтардың электрондық сынып журналдары зерделенді. Осы өлшемшарт бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерделеу келесі жағдайды айқындады.

Оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеруде ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтерінің үлгілік оқу бағдарламалары» әрбір оқу жылына сәйкес өзгерістерімен қолданылды. 2014 жылғы 15 шілдедегі №281 бұйрықпен «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілген ҚР БжҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген. 2020 жылғы 21 сәуірдегі №154 «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша енгізілген өзгерістер мен ҚР БжҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндері бойынша негізгі орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары басшылыққа алынған. 2022-2023 оқу жылында ҚР Оқу-ағарту министрінің 05.07.2023 № 199 бұйрығымен енгізілген өзгерістер қарастырылған.

Мектеп ұжымы оқу үдерісінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі мен Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы ұсынған «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу- тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әрбір оқу жылына арнап шығарылатын әдістемелік нұсқау хатты басшылыққа ала отырып жұмыс жүргізеді. Пәндер бойынша күнтізбелік тақырыптық жоспарлар жасалып, әдіс бірлестіктерінің отырысында қаралып, келісілді және мектеп директорының мөрімен бекітілді.

Алдыңғы үш оқу жылында МЖМБС іске асырылуын талдау, оқу жоспарының барлық пәндері бойынша бағдарламалар, соның ішінде практикалық бөлігі, толық көлемде орындалды. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау «Орта білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, оларға аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына сәйкес (2022 жылғы 12 мамырдағы №193 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) жүзеге асырылды. Нормативтік талаптарына сай бөлім бойынша жиынтық бағалау алудың саны сақталды. Пән мұғалімдері алынған жұмыстың қорытындысын шығарып, оқушыларда қиындық тудырған мәселені анықтап көрсетіп, салыстырмалы талдау мониторингісін жасап отырды.

Оқу-тәрбие процесін үйлестіріп, белгілі бір бағытпен нақты жүйелі жұмыс жүргізуде мектепшілік бақылаудың алатын орны ерекше екені белгілі. Сондықтан да мектепте әр жыл сайын мектепшілік бақылаудың арнайы жоспары жасалып, бекітіліп, перспективалық жоспар арқылы пәндердің жаңартылған мазмұнда жүргізілуі, оқушы мен педагогтің даму деңгейі зерделеніп отырылады. Оқу жылына арналған мектепшілік бақылау жоспары «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР БҒМ-нің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына сәйкес даярланды (өзгеріс енгізілген 2022 жыл 27.08. №382)

Тоқсандық қорытынды бойынша төмен білім сапасын көрсеткен сыныптар мен пәндер мектепшілік бақылауға алынды. Оқу сапасы проблемалы сыныптарда «Lesson Study» зерттеу

сабақтары арқылы оқытушы мұғалімдердің бағалау әдістерімен қатар С-деңгейлі оқушылардың бағалау жүйесі арқылы оқуға тартылу дәрежелері зерттелінді. Бұл зерттеу өз кезегінде баланың әлеуеттенуінің оқу сапасына тікелей ықпалын көрсетіп, өзіндік бағасы мен өзара бағалануын жетілдіру жолдарын қарастыра алуымызға көмек бере алды. Осындай жұмыстар атқарылғаннан кейін сыныптардағы көрсеткіштер өсу дәрежесін көрсетті.

оқушылардың пәндерді оқуға қызығушылығын ояту» тақырыбында зерттеу жұмысы жүргізілді. Қазақ тілі, математика, биология пәндері алынып, бақыланды. Жүйелі бақылау нәтижесінде мектепте білім сапасы жоғарылай бастады. Мемлекеттік даму бағдарламасын орындау мақсатында мектебімізде үлгермеуші оқушылармен жеке жұмыстар жасалып, мектепшілік бақылау жоспары бойынша әрдайым білім сапасы назарға алынып, мониторинг жасалады.

Оқу бағдарламаларын, бөлім бойынша және тоқсандық жиынтық бағалау жұмыстары мектеп әкімшілігінің тұрақты бақылауында, барлық тексерулердің қорытындылары ай сайын өтілетін директор жанындағы кеңесте қаралып, анықтама түрінде рәсімделеді.

Мектептің қай проблемасын алсақ та, оларды шешу ең алдымен, мұғалімге, оның идеялық нанымына, мамандық білгірлігіне, ой-өрісінің молдығына, педагогикалық шеберлігіне байланысты.

Ғылым мен техника ентелей дамыған бүгінгі жағдайда, педагогикалық оқу орындарында алған білім тез ескіретін болған шақта мұғалім мамандығын үздіксіз жетілдіре беру ерекше актуальды болып отыр.

Сондықтан, педагогикалық кадрлардың білімін жетілдіру жұмысының негізгі мазмұны мұғалімнің идеялық-саяси, ғылыми-теориялық, әдістемелік және жалпы мәдени дәрежесін көтерудің біртұтас жұмыс екендігімен белгіленеді. Бұл міндеттер ең алдымен мектепшілік әдістемелік жұмыс процесінде тиімді де нәтижелі шешілетін.

Соңғы үш жылда ұжым жас мамандармен толықтырылды. Тәжірибелі ұстаздардан жас мамандарға тәлімгерлер тағайындалды.

«Мен қандай проблемаларға кезіктім және оны қалай шешемін?» деген тақырыпта сауалнама алынды. Нәтижесінде жас мамандардың білім сапасының деңгейі, ондағы артықшылықтар мен кемшіліктері және олардың қажеттілігі анықталды. Қажеттіліктеріне байланысты ұйымдасқан әдістемелік бірлестіктер шеңберінде мұғалімдер жас мамандармен тиісті кезекті жұмыстарын жүргізді.

Әр сенбіге әдістемелік күн өткізілді. Білікті, тәжірибелі мұғалімдер жас мамандарға өз педагогикалық тәжірибиелерімен бөлісіп, өзара тәжірибе алмасып, әдістемелік көмек көрсетті. Осылайша құрылған топтар арасында қызу шығармашылық бастама орын алды.


«Ізденіс – табыс кілті» тақырыбында презентация жасап, олардың болашақ жұмыстарына қолдау көрсетіп, жол сілтеді.

Жоспарға сай жас мамандардың сабақтарына сыни көзбен қарау емес, үйрету, бағыттау мақсатында, бақылау кестесі құрылды. Тәжірибелі мұғалімдер олардың сабақтарына көмектесті.




Жас мамандарға «Мамандығым мақтанышым» семинар тренинг өткізілді.


*Өзіңді білгің келсе? Психологиялық жаттығу. Сіз қандай мұғалімсіз? Кәсіби лайықтылығын*



анықтау. Тест



### Сауалнама



### Жас мамандардың білім жетілдіру курстарынан өткен және мадақтамалары жайлы дәлелдемелері

Мұғалімдердің кәсіби деңгейін өсіру мақсатында семинарлар, ашық сабақтар, апталықтар өткізілді. Жыл бойы ұйымдастырылған біліктілікті арттыру курстарына жүйелі түрде жіберіліп курстық дайындықтан өтіп отырды.



**Қорытынды:** Талаптарға сәйкес келеді.

.Білім алушылардың субъективті және және білімді меңгеруі және таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру

### Талдау нәтижелері:

Мектеп қабырғасындағы тәрбие жұмысы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес сегіз негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылған. Оның негізгі идеясы Абайдың «Толық адам» рухани мұрасында бейнеленген үйлесімді дамыған адамның ұлттық бейнесі болып танылған. «Толық адам» тұлғалық жеке қасиеттері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында, Мемлекет басшысының «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» және «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» бағдарламалық мақалаларында

және басқа да мемлекеттік тұжырымдамаларда айқындалған құндылықтар мен басымдықтарды жеке тұлғаны тәрбиелеудің бірегей жүйелік тәсілімен қамтамасыз ету үшін біріктірілген. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрде бекітілген жылдық жұмыс жоспары негізінде жұмыстар жүргізілген.

### **2021-2022 оқу жылы**

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі Нұра жалпы білім беретін мектебі бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне негізделіп құрылды. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрде жүргізілу мақсатында 2021-2022 оқу жылына бекітілге жылдық жұмыс жоспары негізінде жұмыстар жүргізілді. Мектептің 2021-2022 оқу жылында тәрбие жұмысының алдына қойған «Өскелең ұрпақты демократиялық қоғамға бейім, адамгершілік құндылықтары жоғары, ұлтжанды, патриоттық бәсекеге қабілетті жеке тұлға ретінде қалыптастыру» мақсаты негізінде құқықтық, патриоттық, рухани адамгершілік, этика-эстетикалық, салауатты өмір салты, дене шынықтыру, есірткі және басқа зиянды заттарды болдырмау, экологиялық, еңбек және экономикалық, имандылық тәрбие бағыттар бойынша іс-шаралар атқарылды.

2021-2022 оқу жылы 11 сынып комплектісі, 131 оқушымен аяқталды.

Сынып жетекшілер саны – 11. Сынып жетекшілердің тәрбие жоспарлары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 Бұйрығына 10-қосымшасына сәйкес тәрбиенің 8 бағыты бойынша толық жасалды. Оқу жылының басында тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру жалпы мектепшілік жұмыс жылдық жоспары бойынша жүргізілді.

2021-2022 оқу жылында жасөспірімдер ісі жөніндегі аудандық бөлім есебіне тіркелген оқушы жоқ.

Мектеп оқушыларының әлеуметтік құрамы 01.09.2021 ж.

№	Әлеуметтік жағдайы	саны
1	Көп балалы отбасы	21
2	Тұрмысы төмен	--
3	Толық емес	11
4	Жетім бала	---
5	Мүмкіндігі шектеулі	--
6	«Д»есепте тұрған	-
7	АІБ (РОВД), КТБИ (ИДН	-
8	МІБ (ВШК) тұрғандар	-
9	Тубвиражды	-

**Жазғы демалу-сауықтыру лагерлеріне қамтылған балалар саны**

Жалпыға міндетті оқу қоры				
Оқу жылы	Мектеп жанындағы лагерь	Аудандық лагерь	Облыстық	публикалы қ
2021-2022		1	1	1

**Учаскелік инспектормен жүргізілген жұмыс**

Шет ауданының ПБ ЖПҚБ УПИ-рыполияция капитаны М.К.Кенбаев бірлескен кешенді жол картасына сай, «Кәмелетке толмаған балалар мен жасөспірімдер, жастар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасының 2019-2021 жылдарға арналған кешенді жол картасы», Балаларға қатысты зорлық-зомбылық алдын-алу жөніндегі 2019-2021 жылдарға арналған ведомстволаралық бірлескен іс-шаралар жоспары негізінде мектепшілік жұмыс жоспары жасалып, құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары жүргізілді. Учаскелік инспектор тарапынан оқушыларға күнделікті бақылау жүргізілді. Оқушылар арасындағы зорлық зомбылықты, әлімжеттілікті болдырмау мақсатында бақылау-зерделеу жұмысы жүргізілді. Учаскелік инспекторы әр аптаның демалыс күндері және мереке күндері мектеп педагогтары, ата-аналар комитеті мүшелерімен бірлесе түнгі рейд кестесіне сай жұмыс жасайды. Ішкі істер органдарының кәмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларының есебінде аталған мектеп бойынша үш жыл көлемінде тіркелген оқушылардың жоқтығы расталды. Мектеп қабырғасында суицид жағдайлары орын алмаған. Құқық бұзушылық әрекеттерге қатысты мектеп сыртқы есебінде оқушы тіркелмеген.



## Қосымша білім беру ұйымдарымен жүргізілген жұмыс

Оқу жылы	Оқушы саны	Қосымша білім беру мекемелері	Оқушы саны	%
2021-2022		С.Мұхамеджанов атындағы балалар өнер мектебі	20	27,5%

## Мектеп жанындағы үйірмелер мен қатысушы балалар саны

Оқу жылы	Оқушы саны	Мектеп жанындағы үйірмелер мен қатысушы балалар саны							Оқушы саны	%
		спорттық		вакал		Домбыра				
		Үйірме саны	Бала саны	Үйірме саны	Бала саны	Үйірме саны	Бала саны	Үйірме саны		
2021-2022	125	3	112	1	15	1	25	5		92,3%

## Қосымша білім беру ұйымдары мен мектеп жанындағы үйірмелер мен қатысушы балалардың жалпы саны

Оқу жылы	Оқушы саны	Үйірме, секция саны		Қатысатын бала саны	пайызы
		Қосымша білім беру мекемелері	Мектеп жанындағы		
2021-2022	135	3	3	98	100%



### **Мектеп кітапханасымен жүргізілген жұмыс**

Мектеп кітапханасымен бірлескен жұмысы жоспарлы жұмыс жасады. Оқулықтар тарату, жинау, бақылаумен қатар, оқушының рухани азық алуына оң ықпал етілді. Біршама іс- шаралар ұйымдастырып, жүргізілді.

<b>№</b>	<b>Жұмыс түрі</b>	<b>2021-2022</b>
1	Кітап қоры	4825
2	Әдеби кітаптар	425
3	Оқулық	4364
4	Электронды кітаптар	380
<b>№</b>	<b>Кітапханада жүргізілген жұмыстар</b>	<b>2021-2022</b>
1	Оқырмандар конференциясы	2
2	Әдеби тақырыптық кештер	1
3	Ертеңгіліктер	1
4	Саяхат сабақ	2
5	Тақырыптық кітап көрмесі	8
6	Буктрейлер	1
7	Кездесу кештері	1



**Ата-аналар жиналысының мақсаты:** Коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеуге байланысты карантиндік шаралар жағдайында жаңа 2021-2022 оқу жылындағы оқытудың ерекшеліктері туралы ата-аналарды (балалардың заңды өкілдерін) хабардар етуді көздеді.

## **Тәрбие жұмыстарының негізгі бағыттары бойынша жүргізілген жұмыстар:**

**1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу бағыты бойынша** «1 қыркүйек - Білім күніне» арналған :1-4 сыныптар «Конституция – біздің болашағымыз» ,5-7 сыныптар «Сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» ,8-11 сыныптар «Мамандық таңдау-ертеңді ойлау» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді.

Қазан айында «Заңға мойынсұнушылық –тәрбиенің бастауы» тақырыбында 6-8 сынып оқушыларымен өткізілді. Бұл жұмыстың мақсаты – жасөспірімдердің өздеріне қатысты Заң қағидаларымен таныс болуы. Осы айда «Адал ұрпақ» ұйымының ұйымдастыруымен «Адалдық – адамның ең асыл қасиеті» пікірталас өткізілді.

Қараша айында 1-желтоқсан «Тұңғыш Елбасы» күніне орай 1-11 сыныптар арасында «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті» тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағаттары барысында қазақ халқының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өмір жолы, туып өскен, оқып, білім алған, қызмет еткен жерлері туралы мағлұмат беріліп, елбасының өмір жолынан үлгі ала отырып, Отанын, халқын сүйуге, ержүректілікке, азаматтыққа, патриоттық сезімге тәрбиелеу, шәкірт жүрегінде елбасына деген сүйіспеншілік сезімін ояту, құрметтеу тақырыптарында бейнебаяндар, фильмдер көрсетілді. Өткізілген тәрбие сағаттары мектеп «фейсбук» парақшасына жарияланды. Еліміздің өткеніне, ертеңіне көз жіберіп, шолу жасау, өз еліміздің тілін, тарихын, салт-дәстүрін, әдебиетін қадір тұтып, құрметтеу, оқушыларға патриоттық тәрбие беру, еліне, Отанына, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында 13.12.2020ж .1-11 сыныптар арасында тәрбие сағаттары өткізілді. Сыныптардың жасаған видеороликтері мектеп «фейсбук» парақшысында жарияланды.

11.12.2021 жылы Еліміздің Тәуелсіздік алу жолындағы ата-бабаларымыздың ерлігін паш ету, оқушыларға желтоқсан құрбандарымен, желтоқсан оқиғасына қатысқан аға-апалардың ерлігін үлгі етіп көсету мақсатында 5-8 сыныптар арасында «Тәуелсіздік ел тірегі» атты шығарма, эссе байқаулары өткізілді. Байқауға қатысқан оқушылар I, II, III орындармен марапатталды.

14.12.2021 жылы 3-4 сыныптар арасында «Біз Тәуелсіз Қазақстанның балаларымыз!» атты тақырыпта спорттық жарыстар мен сайыстар өткізілді.

25.12.2021 жылы Жақсы тілек ізеттілік, ізеттілік, ізгілік туралы түсініктерін қалыптастыру, қайырымды қарым-қатынас дасау іскерліктерін дамыту, мейірімділікке, ізгілікке бағыттау мақсатында

Қаңтар айында «Мемлекеттік рәміздер тарихы» тақырыбында конференция өткізіліп, Ақпан айында мектеп кітапханашыларымен «Ерлік –ердің ісі» тақырыбында көрме ұйымдастырылды. АӘД пәні мұғалімінің ұйымдастыруымен «Ұрпаққа үлгі болған ерлік» тақырыбында тәжік-ауған соғысы ардагерлерімен кездесу өткізілді.

Наурыз айында «Біз батырдың ұрпағымыз!» тақырыбында сурет байқауы өтті.

## **1.2. Құқықтық тәрбие бағыты бойынша**

Мектеп бойынша құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында ісшаралар «Кәмелетке толмаған балалар мен жасөспірімдер, жастар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасының «Балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын-алу жөніндегі 2021-2022 жылдарға арналған ведомстволық бірлескен іс-шаралар жоспары» негізінде құқықтық тәрбие беру және құқық бұзушылық профилактикасы бойынша 2021-2022 оқу жылының мектепшілік жұмыс жоспары құрылып, мектеп басшысымен бекітілді.

1-4 сынып оқушылары арасында «Мектеп ережесін сақтайық!» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. Оқушыларға жалпы тәртіп сақтауды, жалпы сабақ кезіндегі тәртіп, үзіліс кезіндегі тәртіп, оқушының ережесі туралы түсіндірілді. учаскелік инспекторының қатысуымен кезекші сынып оқушылары арасында жол қауіпсіздік ережелері түсіндірілді.

Қауіпсіздік шараларын қатаң ұстану бастауыш сынып оқушылары арасында аса қажет болғандықтан, көптеген жағдаяттар балаларға сурет тілінде бейнеленді. 3-4-сынып оқушылары

арасында «Қауіпсіздік шұғыласы» атты сурет байқауы өткізілді. Балалар мектеп пен үй арасындағы жолдар, ондағы қауіпсіздік белгілері туралы бейнелеп, өз білімдерін ортаға салды. Төтенше қауіпті жағдайлардың алдын алу, болдырмау, қауіпсіздік шараларын балаларға үйрету мақсатында АӘД пәні мұғалімі Ш.А.Сарсенов жоғарғы сынып оқушыларына түсіндірме жұмыстарын өткізді. Оттан, судан, газдан сақтану, оларды болдырмау жолдары жайында және адам ағзасына қауіпті заттардан қорғану жайлы түсіндірме жұмыстары жасалды. Сонымен қатар, жол қозғалысы, жолда жүру ережелері жайлы да түсінік берді. Қыркүйек айының басында өткен ата-аналар жиналысында кәмелетке толмаған балаларды қараусыз қалдырмау, өмірлеріне қауіпсіз жағдай қалыптастыру, нашакорлықтың, уытқұмарлықтың, есірткіге тәуелділіктің алдын-алу туралы хабарлама жасалды.

Қазан айында «Жасөспірімдер арасында есірткі қолдану проблемалары» тақырыбында құқықтық-профилактикалық жиналыс өтті. Жоғары сынып жетекшілері тәрбие сағаттарында «Есірткіге жол жоқ!» айдарымен есірткіге тәуелділік себебі, болашаққа зияны, қолданылатын жаза түрлерін бейнелейтін бейнероликтер көрсетілді.

Қараша айында барлық сыныптарда «Бала құқығы – асыл қазына» тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Мектеп әлеуметтік педагогының ұйымдастыруымен «Жүректен-жүрекке» қайырымдылық акциясы өткізілді.

Қыз балалармен «Қызғалдақтар» қыздар клубы жоспарына сай, жасөспірім қыздар арасында ерте жыныстық қатынас салдары, ерте жүктіліктің алдын алу бағытында мектеп медбикелері жадынама таратты.

Жаман әдеттерден аулақ болу және сақтандыру мақсатында 1 желтоқсан ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес күніне орай психологтар оқушылардан «Сіз СПИД жайлы білесіз бе?» тақырыбында сауалнама, онлайн спорттық жарыстар, «Сақтан, ұрпақ, ЖИТС деген қатерден!» тақырыбында кітап көрмесі, сурет байқауы, тәрбие сағаттары өтті.

Баланың бос уақытын тиімді пайдаланып, бақылау мақсатында біршама ұсыныс, пікірлер айты. Сонымен қатар, құқықбұзушылықтың түрлеріне қарай заңмен жазаланатыны, ол әрбір жасөспірімнің болашақ өміріне балта шабатыны жайлы айтты. 8-11 сынып оқушылары арасында «Жасөспірім және заң» тақырыбында әңгімелесу өтіп, оқушылар әлімжеттілік, бұзақылықтың заңмен жазаланатыны жайлы айтылды.



## **2. Рухани-танымдық тәрбие бағытыбойынша**

Қыркүйек айында «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы өтті. «Мектепке жол» акциясы аясында 16 оқушыға көмеккөрсетілді.

1 қазан- қарттар күніне «Қарттарын қадірлеген Ел ардақты» ардагер-ұстаздарға құттықтау хаттар жазылып, таратылды. «ЖасҰлан» ұйымының ұйымдастыруымен «Адамның адамшылдығы жақсы ұстаздан» тақырыбында ұстаздарды қашықтан құттықтау шарасы өткізілді.

Қараша айында «Экстремизмнің алдын алу және дұрыс Ислам түсініктері» тақырыбында теолог маманымен кездесу ұйымдастырылды. «Дін мен дәстүр», «Зияткерліктен бөлек күмәнді оқу орындарына оқушылардың білім алмауы» тақырыбында мектеп түлектері және ұстаздарымен кездесу өтті.

Жастар арасында жат діни ағымдардың іс-әрекеттеріне, оқушылардың зияткерліктен бөлек күмәнді оқу орындарында білім алмауы, экстремизмге тосқауыл қоюдың ең негізгі құралы – ақпараттық түсіндіру жұмыстарының тиімді жүргізілуі мақсатын көздеген бұл кездесудің берері көп болды.

М.Мақатаевтың 90 жылдық мерейтойына шығармаларын оқу сағаты ұйымдастырылды. Оқушылар

өздері ұнатқан шығармаларын жатқа айтып, бейнебаян түрінде әлеуметтік желіде насихаттады. Сәуір айында «30 қайырымды іс» акциясы аясында «Ұлттық ойындар» күні «Жас Ұлан» мүшелерінің ұйымдастыруымен өткізілді.

Мамыр айында «Ешкім де, еш нәрсе де ұмытылмайды» тақырыбында акция өткізіліп, бастауыш сынып оқушылары Тағзым алаңына барып, Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, тағзым етті.



### **3. Патриоттық тәрбие бағыты бойынша**

1-желтоқсан «Тұңғыш Елбасы» күніне орай 1-11 сыныптар арасында «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті» тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағаттары барысында қазақ халқының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өмір жолы, туып өскен, оқып, білім алған, қызмет еткен жерлері туралы мағлұмат беріліп, елбасының өмір жолынан үлгі ала отырып, Отанын, халқын сүйуге, ержүректілікке, азаматтыққа, патриоттық сезімге тәрбиелеу, шәкірт жүрегінде елбасына деген сүйіспеншілік сезімін ояту, құрметтеу тақырыптарында бейнебаяндар, фильмдер көрсетілді. Өткізілген тәрбие сағаттары мектеп «фейсбук» парақшасына жарияланды.

Желтоқсан айында Еліміздің Тәуелсіздік алу жолындағы ата-бабаларымыздың ерлігін паш ету, оқушыларға желтоқсан құрбандарымен, желтоқсан оқиғасына қатысқан ағаапалардың ерлігін үлгі етіп көсету мақсатында 5-8 сыныптар арасында «Тәуелсіздік ел тірегі» атты шығарма, эссе байқаулары өткізілді. Байқауға қатысқан оқушылар I, II, III орындармен марапатталды.

3-4 сыныптар арасында «Біз Тәуелсіз Қазақстанның балаларымыз!» атты тақырыпта спорттық жарыстар мен сайыстар өткізілді.



#### **4.Отбасылық тәрбие бағыты бойынша**

Қыркүйек айында Мектепшілік ата-аналар жиналысы өткізілді. «Отбасы күні» акциясына қатысқан мектеп оқушылары отбасы құндылықтары жайлы түсірген бейнебаяндары әлеуметтік желіде насихатталды.

8 Наурыз мерекесіне орай «Әлемді әлдилеген ана» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. Анаға, қыз баласына деген құрмет, отбасындағы рөлі жайлы мағлұмат берілді.

15 Мамырда «Менің және менің оббасым» тақырыбында челлендж ұйымдастырылып, отбасындағы өзіндік дәстүрлер, құндылықтар жайлы насихат жұмысы жүргізілді. Облыстық

#### **5.Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бойынша**

Аталған бағыт бойынша тәрбие сағаттары, мектеп төңірегін көркейту-көгалдандыру жұмыстары жүргізілді. Наурыз, сәуір айында «Тәуелсіздікке тарту» көркейту, көгалдандыру акциясы өткізілді.

Биология пәні бірлестігінің жауапкершілігімен «Менің эко-мектебім» тақырыбында акция өтіп, көркейту-көгалдандыру жұмысы жүргізілді.



#### **6.Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие бағыты бойынша**

Тілдер мерекесіне байланысты қыркүйек айында «Тілім менің -тірлігімнің айғағы» тақырыбында іс-шара өткізілді. Көп ұлтты мемлекеттің ұлт пен ұлыстарының ұлттық тілдеріне құрмет көрсету мақсатында көркем сөз оқу, ұлттық құндылықтары дәріптелді. Өзге ұлт өкілдері арасында мемлекеттік тілді ұлықтау мақсатында байқау ұйымдастырылды. Қазан айында 5-6 сынып оқушыларымен «Табиғатпен тілдесу» виртуалды көрме ұйымдастырылды. Көрме туған жер табиғатын қорғау мақсатында түсінік жұмыстары жүргізілді.

Ақпан айында мектеп психологтарымен біріккен Арт-терапия жұмысы жүргізілді.Бұл жұмыс оқушылардың танымдық және бала бойындағы қасиеттерді анықтауда тиімді рөл атқарды.

Наурыз айында «Тілге құрмет – елге құрмет» челленджі, «Алғыс білдіру - ең асыл сөз» көрмесі кітапханашылармен бірлесе ұйымдастырылып, қорытындыланды.

«22 наурыз- Ұлыстың Ұлы күні» мерекесіне орай тәрбие сағаттары өткізілді. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында өткен шаралар балалардың бойына салт-дәстүр, әдетғұрыпқа деген сүйіспеншілікті оятты. Сәуір айында «Бейбітшілік аспанында» тақырыбында сурет байқауы өтті. Байқауда балалардың шығармашылық қабілеттері айқындалды.



### **7.Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу бағыты бойынша**

Мектеп кітапханашыларымен «Әл-Фарабидің 1150 жылдығы» бойынша оқырмандар конференциясы өтті. Тарих пәні мұғалімдерінің қатысуымен «Қазақстанның жаһандық бастамалары. Халықаралық қауіпсіздікке үлес» тақырыбында онлайн-дәрістер жүргізілді.

1-11 сыныптарда «Бәрі де жауапкершіліктен басталады!» тақырыбында бейнеролик байқауы өтті. Дебат клубы ұйымдастыруымен «Тәуелсіз Қазақстанға 30 жыл» тақырыбында кезекті дебат отырысы өткізілді. Дебат АПФ форматында ұйымдастырылды.

Ақпан айында Мектеп бітіруші түлектермен кәсіби бағытта «Мен таңдаған мамандық» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. «Физика және астрономия» тақырыбында сыныптан тыс жұмыстар өтті.

### **8.Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру бағыты бойынша**

Ұлттық құндылықтарды қалыптастырып, ұлттық ойындарды насихаттау арқылы үздіктерді анықтау мақсатында «Отаныма 30 қайырымды қадам» акциясы бойынша «Жас Ұлан» ұйымы оқушылары арасында «арқан тарту», «асық ату», «тоғыз құмалақ» ойындары өткізілді. Бейнероликтері мектеп әлеуметтік «Facebook» желісіне жүктелді.

сынып оқушылары арасында «Есірткі-жас өмірді улаушы» қашықтықтан эссе байқауы өткізілді. 1 желтоқсан- Дүние жүзілік СПИД – ке қарсы күніне» байланысты «АИТВ/ЖИТС туралы не білеміз?» атты тақырыпта жазба жұмыстарын алу, тәрбие сағаттарын өткізіп, насихат жұмыстары жүргізілді. Ақпан айында 8-10 сынып оқушылары арасында

«Баскетбол» онлайн-спорттық жарыс өткізілді. Наурыз айында ЖҚТБ, нашақорлық, уытқұмарлықтың алдын алу профилактикасы бағыты бойынша сауалнама, диктант алынды. Сәуір айында «Жастар есірткіге қарсы!» спорттық жарысы өтті. «Ер жігітке жарасар...» тақырыбында сайыс өткізілді.



### **Ата-анамен жұмыс**

Ата-аналар арасында бала тәрбиесіне деген көңіл бөлу міндеттерін арттыру, балалардың салауатты өмір сүруіне ықпал етуге, ата- анамен мектеп ұжымы арасындағы байланысты шараларды нығайту мақсатында мектеп қабырғасында ауқымды жұмыстар атқарылды. Мектеп бойынша ата-аналар кеңесі, комитеті құрылған. Ата-аналар кеңесі 7 адамнан тұрады. Кеңес мүшелері арасында атқаратын жұмыс үйлестірілген. Әр тоқсан сайын жалпы ата – аналар жиналысы өткізілді. Жыл бойы ата-аналар арасында баяндамалар оқылып, елдегі эпидемиологиялық ахуалға байланысты онлайн жиындар өткізіледі. Атааналар арасында бала тәрбиесіне байланысты сауалнамалар жүргізіледі.

“Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында қазақ әдебиеті шығармаларындағы әке бейнесін сомдайтын шығармаларды оқу жоспарланған. Бұл жұмыс негізінде TEDx , Буккроссинг, буктрейлер, т.б. жұмыстары жүргізіледі.

Мектептегі тәрбие үдерісіне әкелерді ықпалдастыру көптеген келеңсіздіктердің алдын алуға оң ықпалын тигізуде. Мәселен, жасөспірімдер арасындағы зорлық-зомбылық, құқық бұзушылықтың алдын алу шараларына септігі тиді. Ұлдар арасында көп кездесетін қиындықтардың оң шешім табуы, ішкі, сыртқы есепке тіркелмеуі көңілге қуаныш ұялатады.

### **Мектеп Парламенті**

Балалар мен жастардың табысты әлеуметтенуі және өзін-өзі тиімді жүзеге асыруы үшін жағдай

жасау, сондай-ақ туындайтын мәселелерді білім алушылардың өз бетінше шешуі үшін мүмкіндіктер жасау мақсатында құрылған мектеп-лицей Парламенті құрамында мектеп Президенті, 5 министр жоспарлы жұмыс жасайды. Мектеп Президенті басшылығымен министрлер өздеріне тиесілі жоспарлы жұмыстарды атқарады. Апталық циклограмма негізінде жұмыс жасап, әр аптаның соңғы күні апталық есеп беру жұмыстарын жүргізеді.

Парламент мүшелерінің жұмысы мектептің ішкі тәртібін реттеуге, оқушылар арасында өзара ынтымақтастықты нығайтуға ықпал ете отырып, жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың, жаман іс-әрекеттерден аулақ болуы бағытында түрлі шаралар ұйымдастырды.



## **Тәрбие жұмысы бойынша кәсіби байқау,сайыстарға қатысу көрсеткіші:**

### **1.Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары:**

2020ж.Облыстық білім басқармасы «Алғыс хат» Г.Т.Тохметова

#### **2022-2023оқу жылы**

2021-2022 оқу жылындағы оқу-тәрбие процесі Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне негізделді. Оқу-тәрбие процесін білім алушыларды ұлттық құндылықтар негізіндегі жалпыадамгершілік құндылықтарға баулуға бағыттау мақсатындағы жұмыстар ұлттық рухы биік адамгершілігі жоғары салауатты өмір салтын ұстанатын елінің өткенін құрмет тұтып ,ертеңіне өз үлесін қосатын жан- жақты білімді, қаблетті, жаңашыл тұлға қалыптастыру мәселесін басымдылыққаалынды.

Мектептің 2021-2022 оқу жылында тәрбие жұмысының алдына қойған «Өскелең ұрпақты демократиялық қоғамға бейім, адамгершілік құндылықтары жоғары,ұлтжанды, патриоттық бәсекеге қабілетті жеке тұлға ретінде қалыптастыру» мақсаты негізінде құқықтық, патриоттық, рухани адамгершілік, этика-эстетикалық,салауатты өмір салты,дене шынықтыру, есірткі және басқа зиянды заттарды болдырмау, экологиялық, еңбек және экономикалық, имандылық тәрбие бағыттар бойынша іс-шаралар атқарылды.

### **2022-2023 оқу жылы 11сынып комплектісі, 130 оқушы**

Сынып жетекшілер саны – 11. Сынып жетекшілердің тәрбие жоспарлары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 Бұйрығына 10 қосымшасына сәйкес тәрбиенің 8 бағыты бойынша толық жасалды. Оқу жылының басында тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру жалпы мектепшілік жұмыс жылдық жоспары бойынша жүргізілді.

2021-2022 оқу жылында жасөспірімдер ісі жөніндегі аудандық бөлім есебіне тіркелген оқушы жоқ. Мектепшілік есепте тұрған оқушы жоқ

#### **Мектеп оқушыларының әлеуметтік құрамы 01.09.2022 ж.**

<b>№</b>	<b>Әлеуметтік жағдайы</b>	<b>саны</b>
1	Көп балалы отбасы	26
2	Тұрмысы төмен	--
3	Толық емес	11
4	Жетім бала	--
5	Мүмкіндігі шектеулі	--
6	АІБ (РОВД), КТБИ (ИДН	-
7	МІБ (ВШК) тұрғандар	-
8	Тубвиражды	-

### **Мектеп кітапханасымен жүргізілген жұмыс**

Мектеп кітапханасымен бірлескен жұмысы жоспарлы жұмыс жасады. Оқулықтар тарату, жинау, бақылаумен қатар, оқушының рухани азық алуына оң ықпал етілді. Біршама іс- шаралар ұйымдастырып, жүргізілді.

<b>№</b>	<b>Жұмыс түрі</b>	<b>2022-2023</b>
1	Кітап қоры	5462
2	Әдеби кітаптар	525
3	Оқулық	4937
4	Электронды кітаптар	380
<b>№</b>	<b>Кітапханада жүргізілген жұмыстар</b>	<b>2021-2022</b>
1	Оқырмандар конференциясы	2
2	Әдеби тақырыптық кештер	1
3	Ертеңгіліктер	2
4	Саяхат сабақ	2
5	Тақырыптық кітап көрмесі	5
6	Буктрейлер	1
7	Кездесу кештері	1



**Жазғы демалу-сауықтыру лагерлеріне қамтылған балалар саны**

Жалпыға міндетті оқу қоры				
Оқу жылы	Мектеп	Аудандық лагерь	Облыстық	Республикалық
	жанындағы лагерь			
2022-2023	40	1		

**Қосымша білім беру ұйымдарымен жұмыс талдамасы**

Оқу жылы	Оқушы саны	Қосымша білім беру мекемелері	Оқушы саны	% пайыз
2022-2023	130	С.Мұхаметжанов атындағы балалар өнер мектебі	25	19%

**Мектеп жанындағы үйірмелер мен қатысушы балалар саны**

Оқу жылы	Оқушы саны	Мектеп жанындағы үйірмелер мен қатысушы балалар саны						Оқушы саны	% пайыз	
		спорттық		вокал		домбыра				
		Үйірме саны	Бала саны	Үйірме саны	Бала саны	Үйірме саны	Бала саны	Үйірме саны		
2022-2023	130	3	110	1	15	1	20	3	121	90%

**Қосымша білім беру ұйымдары мен мектеп жанындағы үйірмелер мен қатысушы балалардың жалпы саны**

Оқу жылы	Үйірме, секция саны	Қатысатын	пайызы
----------	---------------------	-----------	--------

Оқушы саны	Қосымша білім беру мекемелері	Мектеп жанындағы	бала саны	
2022-2023	2	1	121	100%



**2022-2023 оқу жылы Жас Ұлан ұйымы 5-11 сыныптар – 110 оқушы, Жас Қыран ұйымы 1-4 сыныптар – 47 оқушы қамтылып, жұмыс жүргізілді.**

Мектеп тәлімгерінің жұмыс жоспарына сай, 1 қыркүйек Білім күніне орай 1- сынып оқушылары үшін алғашқы қоңырауға арналған салтанатты жиын өткізілді. Салтанатты жиында «Әліппе» алғашқы оқулықтары табысталды. 2 – 11 сыныптарда 1 қыркүйек Білім күніне арналған Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағаттары әр сынып үшін жеке кабинеттерде санитарлық талаптарды сақтай отырып өткізілді.

06.09.-11.09.2020 ж қыркүйек аралығында жақын адамдарына пайда келтіру мен отбасында өмір сүру қажеттіліктерін, отбасы мүшелерінің міндеттерін орындауға байланысты қолданылатын біліктіліктер мен дағдыларды қалыптастыру мақсатында 9-11 сынып оқушылары арасында «Отбасы - адамгершіліктің алтын қазынасы» атты тәрбие сағаттары өткізілді. Оқушылардың ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, ептілікке, өз ойын жеткізе білу мақсатында 1-4 сыныптар арасында «Отан - отбасынан басталады» атты тақырыпта сурет байқауы онлайн түрінде қашықтықтан өткізілді.

29.09.- 01.10. 2021 жылы 1-қазан қарттар күніне орай 5-8 сыныптар арасында «Қарттарым асыл қазынам» атты тақырыпта тәрбие сағаттары өткізіліп, қарттарды қорғау, құрметтеу мақсатында «Жас Ұлан» ұйымының оқушылары мектебімізден зейнетке шыққан Темирғаухова Гулмадина апайға сый-сыйапат жасап, құрмет көрсетіп, үйлеріне барып қайтты. Қариялар өз ризашылығын білдірді. Оқушы бойына халқымыздың асыл қасиеттерін сіңіру, үлкенді сыйлау, өз ата-бабасын ұмытпай, есте сақтау үшін және салт-дәстүрден нәр алып өсуіне, инабаттылыққа, жақсы мен жаманды ажырата білу мақсатында 5-7 сынып оқушылары арасында қашықтықтан тәрбие сағаттары өткізіліп, бейнероликтер байқауы ұйымдастырылды. Аталған шараның фото, бейнебаяндары мектеп фейсбук әлеуметтік желісінде жарияланды.

### **Учаскелік инспекторымен жүргізілген жұмыс**

Шет ауданының ПБ ЖПҚБ УПИ-ры М.К.Кенбаев бірлескен кешенді жол картасына сай, «Кәмелетке толмаған балалар мен жасөспірімдер, жастар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасының 2019-2021 жылдарға арналған кешенді жол картасы», Балаларға қатысты зорлық-зомбылық алдын-алу жөніндегі 2019-2025 жылдарға арналған ведомствоаралық бірлескен іс-шаралар жоспары негізінде мектепшілік жұмыс жоспары жасалып, құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары жүргізілді. Учаскелік инспекторы тарапынан оқушыларға күнделікті бақылау жүргізілді. Оқушылар арасындағы зорлық-зомбылықты, әлімжеттілікті болдырмау мақсатында бақылау-зерделеу жұмысы жүргізілді. Учаскелік инспектор әр аптаның демалыс күндері және мереке күндері мектеп педагогтары, ата-аналар комитеті мүшелерімен бірлесе түнгі рейд кестесіне сай жұмыс жасайды. Ішкі істер органдарының кәмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларының есебінде аталған мектеп бойынша үш жыл көлемінде тіркелген оқушылардың жоқтығы расталды. Мектеп- қабырғасында суицид жағдайлары орындалмаған.



## **Тәрбие жұмыстарының негізгі бағыттары бойынша жүргізілген жұмыстар:**

Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу бағыты бойынша «1 қыркүйек - Білім күніне» арналған «Кел, балалар, оқылық!» салтанатты жиыны 1-сынып оқушылары үшін ұйымдастырылды және «Әліппе» алғашқы оқулығы салтанатты түрде табыс етілді. Іс-шараға бірінші сынып оқушылары ата-аналарының біреуіне қатысу ұсынылды. 2022 жылдың 1 қыркүйегінде 2-11-сыныптарда Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында сынып сағаты, ашық сабақ өтті.

Қазан айында «Заңға мойынсұнушылық –тәрбиенің бастауы» тақырыбында 6-8 сынып оқушыларымен өткізілді. Бұл жұмыстың мақсаты – жасөспірімдердің өздеріне қатысты Заң қағидаларымен таныс болуы. Осы айда «Адал ұрпақ» ұйымының ұйымдастыруымен «Адалдық – адамның ең асыл қасиеті» пікірталас өткізілді.

Қараша айында 1-желтоқсан «Тұңғыш Елбасы» күніне орай 1-11 сыныптар арасында «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті» тәрбие сағаты өткізілді. Отанын, халқын сүйуге, ержүректілікке, азаматтыққа, патриоттық сезімге тәрбиелеу, шәкірт жүрегінде елбасына деген сүйіспеншілік сезімін ояту, құрметтеу тақырыптарында бейнебаяндар, фильмдер көрсетілді.

10.12.-17.12.2022 жылы Еліміздің Тәуелсіздік алу жолындағы ата-бабаларымыздың ерлігін паш ету, оқушыларға желтоқсан құрбандарымен, желтоқсан оқиғасына қатысқан аға-апалардың ерлігін үлгі етіп көсету мақсатында жалпы мектепшілік он күндік іс-шара жоспары бекітілді

Қаңтар айында «Мемлекеттік рәміздер тарихы» тақырыбында конференция өткізіліп, ақпан айында мектеп кітапханашыларымен «Ерлік –ердің ісі» тақырыбында көрме ұйымдастырылды. АӘД пәні мұғалімінің ұйымдастыруымен «Ұрпаққа үлгі болған ерлік» тақырыбында тәжік-ауған соғысы ардагерлерімен кездесу өткізілді.

Сәуір айында Шет аудандық білім бөлімі ұйымдастырған «Жас Ұлан-2022» Әскери спорттық ойындар жарысы өткізілді. Жарыста озық өнер көрсеткен оқушылар аудандық, байқауларға қатысып, байқауының жеңімпазы Түсіпбай Құралай «Мерген қыз» номинациясы беріліп Іорын алды



### **1.2. Құқықтық тәрбие бағыты бойынша**

Мектеп бойынша құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында ісшаралар «Кәмелетке толмаған балалар мен жасөспірімдер, жастар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасының 2019-2023 жылдарға арналған кешенді жол картасы», «Балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын-алу жөніндегі 2019-2021 жылдарға арналған ведомствоаралық бірлескен іс-шаралар жоспары» негізінде құқықтық тәрбие беру және құқық бұзушылық профилактикасы бойынша 2022-2023 оқу жылының мектепшілік жұмыс жоспары құрылып, мектеп басшысымен бекітілді.

1-4 сынып оқушылары арасында «Мектеп ережесін сақтайық!» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. Оқушыларға жалпы тәртіп сақтауды, жалпы сабақ кезіндегі тәртіп, үзіліс кезіндегі тәртіп, оқушының ережесі туралы түсіндірілді. Учаскелік инспекторының қатысуымен сынып оқушылары арасында жол қауіпсіздік ережелері түсіндірілді.

Төтенше қауіпті жағдайлардың алдын алу, болдырмау, қауіпсіздік шараларын балаларға үйрету мақсатында учаскелік инспекторы М.К.Кенбаев оқушыларға түсіндірме жұмыстарын өткізді. Оттан, судан, газдан сақтану, оларды болдырмау жолдары жайында және адам ағзасына қауіпті заттардан қорғану жайлы түсіндірме жұмыстары жасалды. Сонымен қатар, жол қозғалысы, жолда жүру ережелері жайлы да түсінік берді.

Акция шеңберінде балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу, оларға қатыгездікпен қарау фактілерін анықтау, кәмелетке толмағандарды қоғамға қарсы іс-әрекеттер жасауға тарту мәселелері бойынша ата-аналармен жиналыс өткізілді.

Қыркүйек айының басында өткен ата-аналар жиналысында кәмелетке толмаған балаларды қараусыз қалдырмау, өмірлеріне қауіпсіз жағдай қалыптастыру, нашақорлықтың, уытқұмарлықтың, есірткіге тәуелділіктің алдын-алу туралы хабарлама жасалды.

Қазан айында «Жасөспірімдер арасында есірткі қолдану проблемалары» тақырыбында құқықтық-профилактикалық жиналыс жүргізілді. Жоғары сынып жетекшілері тәрбие сағаттарында «Есірткесіз қоғам» айдарымен есірткіге тәуелділік себебі, болашаққа зияны, қолданылатын жаза түрлерін бейнелейтін бейнероликтер көрсетілді.

Қараша айында Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған «Бала құқығы – адам құқығы» тақырыбында декада ұйымдастырылды. Бала құқығы мен қауіпсіздігі мақсатында барлық сыныптарда «Бала құқығы – асыл қазына» тақырыбында тәрбие сағаты өтті.

Қыз балалармен «Қызғалдақтар» қыздар клубы жоспарына сай, жасөспірім қыздар арасында ерте жыныстық қатынас салдары, ерте жүктіліктің алдын алу бағытында онлайн платформасында жиын өтті, мектеп медбикесі Тусупбекова Айжан жадынама таратты.

Мектеп жоспарына сай, аудандық істер бөлімі қызметкерлерімен, ата-аналар, педагогтармен бірлескен түнгі рейд кезекшілігі ұйымдастырылып, уақытылы жүргізілуде.

## 2. Рухани-танымдық тәрбие бағыты бойынша

Қыркүйек айында «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы өтті. «Мектепке жол» акциясы аясында 10 оқушыға қайырымдылық акциялары аясында көмек көрсетілді.

1 қазан- қарттар күніне «Қарттарын қадірлеген Ел ардақты» ардагер-ұстаздарға құттықтау хаттар жазылып, таратылды. «Жас Ұлан» ұйымының ұйымдастыруымен “Қарты бар үй қазына” тақырыбында 9-11 сынып оқушылары ауылымыздың қарияларына көмек көрсету бағытында еріктілер төбы құрылып қора жайын жөндеп, қысқы отын дайындығын жасап берді. Қараша айында «Экстремизмнің алдын алу және дұрыс Ислам түсініктері» тақырыбында теолог маманымен кездесу ұйымдастырылды. «Дін мен дәстүр», «Зияткерліктен бөлек күмәнді оқу орындарына оқушылардың білім алмауы» тақырыбында мектеп түлектері және ұстаздарымен кездесу өтті.

Жастар арасында жат діни ағымдардың іс-әрекеттеріне, оқушылардың зияткерліктен бөлек күмәнді оқу орындарында білім алмауы, экстремизмге тосқауыл қоюдың ең негізгі құралы – ақпараттық түсіндіру жұмыстарының тиімді жүргізілуі мақсатын көздеген бұл кездесудің берері көп болды.

Ақпан айында .сыныптар арасында «Алғыс жүректен шығады» тақырыбында бейнеролик байқауы ұйымдастырылды. Оқушылар бірі-біріне, ата-анасына, ұстаздарын өз алғыстарын білдіре отырып, байқау шарттарының орындалды.

М.Мақатаевтың 90 жылдық мерейтойына шығармаларын оқу сағаты ұйымдастырылды. Оқушылар өздері ұнатқан шығармаларын жатқа айтып, бейнебаян түрінде әлеуметтік желіде насихаттады.

Сәуір айында «30 қайырымды іс» акциясы аясында «Ұлттық ойындар» күні



«Жас Ұлан» мүшелерінің ұйымдастыруымен өткізілді



<https://www.instagram.com/reel/Cr617o6tff3/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

Мамыр айында «Ешкім де, еш нәрсе де ұмытылмайды» тақырыбында акция өткізіліп, бастауыш сынып оқушылары Тағзым алаңына барып, Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, тағзым етті.

### **3. Патриоттық тәрбие бағыты бойынша**

1-желтоқсан «Тұңғыш Елбасы» күніне орай 1-11 сыныптар арасында «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті» тәрбие сағаты өткізілді. Өткізілген тәрбие сағаттары мектеп әлеуметтік парақшасына салынды(инстаграмм) парақшасына жарияланды.

Елдің өткеніне, ертеңіне көз жіберіп, шолу жасау, өз еліміздің тілін, тарихын, салт-дәстүрін, әдебиетін қадір тұтып, құрметтеу, оқушыларға патриоттық тәрбие беру, еліне, Отанына, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында 13.12.2021ж .1-11 сыныптар арасында тәрбие сағаттары өткізілді. Сыныптардың жасаған видеороликтері мектеп «фейсбук» парақшасында жарияланды.

Желтоқсан айында Еліміздің Тәуелсіздік алу жолындағы ата-бабаларымыздың ерлігін паш ету, оқушыларға желтоқсан құрбандарымен, желтоқсан оқиғасына қатысқан аға-бабалардың ерлігін үлгі етіп көсету мақсатында 5-8 сыныптар арасында «Тәуелсіздік ел тірегі» атты шығарма, эссе байқаулары өткізілді. Байқауға қатысқан оқушылар I, II, III орындармен марапатталды. 5-7 сыныптар арасында «Біз Тәуелсіз Қазақстанның балаларымыз!» атты тақырыпта спорттық жарыстар мен сайыстар өткізілді.

#### **4. Отбасылық тәрбие бағыты бойынша**

Қыркүйек айында «Қашықтан оқыту кезінде балаға қалай көмектесу болады?» Мектепшілік ата-аналар жиналысы өткізілді. «Отбасы күні» акциясына қатысқан мектеп оқушылары отбасы құндылықтары жайлы түсірген бейнебаяндары әлеуметтік желіде насихатталды.

8 Наурыз мерекесіне орай 8-сынып жетекшісі: Н.Ш.Мадыканова «Әлемнің жарығын сыйладың сен маған» тақырыбында тәрбие сағатты өткізілді. Анаға, қыз баласына деген құрмет, отбасындағы рөлі жайлы мағлұмат берілді.



### **5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бойынша**

Аталған бағыт бойынша тәрбие сағаттары, мектеп төңірегін көркейту-көгалдандыру жұмыстары жүргізілді. Наурыз, сәуір айында «Тәуелсіздікке тарту» көркейту, көгалдандыру акциясы өткізілді. Сәуір айында Ауған соғысының ардагері Балкенов Елумен Ауған соғысы жайында балалармен кездесу өткізілді.



## **6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие бағыты бойынша**

Тілдер мерекесіне байланысты қыркүйек айында «Тіл деген - алып мұхит, түбі терең» тақырыбында онлайн іс-шара өткізілді. Көп ұлтты мемлекеттің ұлт пен ұлыстарының ұлттық тілдеріне құрмет көрсету мақсатында көркем сөз оқу, ұлттық құндылықтары дәріптелді. Өзге ұлт өкілдері арасында мемлекеттік тілді ұлықтау мақсатында байқау ұйымдастырылды. Наурыз айында «Тілге құрмет – елге құрмет» челленджі, «Алғыс білдіру - ең асыл сөз» көрмесі кітапханашылармен бірлесе ұйымдастырылып, қорытындыланды. «22 наурыз- Ұлыстың Ұлы күні» мерекесіне орай тәрбие сағаттары өткізілді. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында өткен шаралар балалардың бойына салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа деген сүйіспеншілікті оятты. Сәуір айында «Бейбітшілік – балалар көзімен» тақырыбында сурет байқауы өтті. Байқауда балалардың шығармашылық қабілеттері айқындалды.



### **7.Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу бағыты бойынша**

Тарих пәні мұғалімдерінің қатысуымен «Қазақстанның жаһандық бастамалары. Халықаралық қауіпсіздікке үлес» тақырыбында онлайн-дәрістер жүргізілді.

1-11 сыныптарда «Бәрі де жауапкершіліктен басталады!» тақырыбында бейнеролик байқауы өтті. Дебатклубыұйымдастыруымен «Тәуелсіз Қазақстанға 30 жыл» тақырыбында кезекті дебат отырысы өткізілді. Дебат АПФ форматындаұйымдастырылды.

Ақпан айында Мектеп бітіруші түлектермен кәсіби бағытта«Мен таңдаған мамандық» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. «Физика және астрономия» тақырыбында сыныптан тыс жұмыстар өтті.

### **8.Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру бағыты бойынша**

Ұлттық құндылықтарды қалыптастырып, ұлттық ойындарды насихаттау арқылы үздіктерді анықтау мақсатында «Отаныма 30 қайырымды қадам» акциясы бойынша «ЖасҰлан» ұйымы оқушылары арасында «арқан тарту», «асық ату», «тоғыз құмалақ» ойындары өткізілді.

Бейнероликтері мектеп әлеуметтік «Facebook» желісінежүктелді.

5-7 сынып оқушылары арасында «Есірткі-жас өмірді улаушы» қашықтықтан эссе байқауы өткізілді.1 желтоқсан- Дүние жүзілік СПИД – ке қарсы күніне» байланысты «АИТВ/ЖИТС туралы не білеміз?» атты тақырыпта жазба жұмыстарын алу, тәрбие сағаттарын өткізіп, насихат жұмыстары жүргізілді.

Ақпан айында 8-10 сынып оқушылары арасында «Баскетбол фристайл» онлайн-спорттық жарыс өткізілді. Наурызайында ЖҚТБ, нашақорлық, уытқұмарлықтың алдын алу профилактикасы бағыты бойынша сауалнама, диктант алынды.

Сәуір айында «Жастар есірткіге қарсы!» спорттық жарысы өтті. «Ер жігітке жарасар...» тақырыбында сайыс өткізілді.





## Ата-анамен жұмыс

Ата-аналар арасында бала тәрбиесіне деген көңіл бөлу міндеттерін арттыру, балалардың салауатты өмір сүруіне ықпал етуге, ата- анамен мектеп ұжымы арасындағы байланысты шараларды нығайту мақсатында мектеп қабырғасында ауқымды жұмыстар атқарылды. Мектеп бойынша ата-аналар кеңесі, комитеті құрылған. Ата-аналар кеңесі 5 адамнан тұрады. Кеңес мүшелері арасында атқаратын жұмыс үйлестірілген. Әр тоқсан сайын жалпы ата – аналар жиналысы онлайн форматта өткізілді. Жыл бойы ата-аналар арасында баяндамалар оқылып, елдегі эпидемиологиялық ахуалға байланысты онлайн жиындар өткізіледі. Ата- аналар арасында бала тәрбиесіне байланысты сауалнамалар жүргізіледі. Әр айдың үшінші аптасында ата-аналар үшін уатцап желісінде «Ашық есік күндері» ұйымдастырылды. Оқу жылы соңында «XXI ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АТА-АНА: ӨЗ БАЛАҒА ҮЛГІ БОЛ»

тақырыбында қорытынды жиналыс өткізілді. Онда жаз мезгіліндегі бала қауіпсіздігі, баланың бос уақытын тиімді өткізу жолдары айтылды.

“Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында қазақ әдебиеті шығармаларындағы әке бейнесін сомдайтын шығармаларды оқу жоспарланған. Бұл жұмыс негізінде TEDx , Буккроссинг, буктрейлер, т.б. жұмыстары жүргізіледі.

Мектептегі тәрбие үдерісіне әкелерді ықпалдастыру көптеген келеңсіздіктердің алдын алуға оң ықпалын тигізуде. Мәселен, жасөспірімдер арасындағы зорлық-зомбылық, құқық бұзушылықтың алдын алу шараларына септігі тиді. Ұлдар арасында көп кездесетін қиындықтардың оң шешім табуы, ішкі, сыртқы есепке тіркелмеуі көңілге қуаныш ұялатады.

## Мектеп Парламенті

Мектеп Парламенті білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу мақсатында жұмыс жүргізеді. Парламентарий жұмысы өзара көмек және сенім, дамуға ұмтылу, барлық оқушылардың тең құқылығы, шешімдер қабылдаудың ұжымдылығы, оқушылардың құқықтары мен мүдделерінің басымдығы, әрбір жеке тұлғаға қатысты ізгілік, ашықтық, еріктілік, адалдық және серіктестерді құрметтеу қағидаттарынанегізделеді.

Парламенттің жобалық қызметі экологиялық, еріктілік, өлкетану, туристік, зияткерлік, экономикалық, спорттық, дебаттық, этномәдени, көркем-эстетикалық, музыкалық және басқада шығармашылық жобалар бағытында жүргізіледі. Мектеп **Парламентінен төмендегі нәтижелер күтіледі:**

- ❖ Адал, мейірімді және белсенді тұлғалардың тәрбиелі жасұрпағы;
- ❖ Қоғамдық (балалар мен жастар) сананы трансформациялау мен жаңғыртуда оқушылардың өзін-өзі басқару органдарының мәртебесі мен рөлін арттыру;
- Білім алушыларды қызығушылықтары бойынша жобалық қызметке тарту;
- Барлық деңгейлердегі бюджеттерден тұрақты және жүйелі қаржыландыру.

Балалар мен жастардың табысты әлеуметтенуі және өзін-өзі тиімді жүзеге асыруы үшін жағдай жасау, сондай-ақ туындайтын мәселелерді білім алушылардың өз бетінше шешуі үшін мүмкіндіктер жасау мақсатында құрылған Мектеп Парламенті құрамында Президент, Премьер-министр, 5 министр, 3 ұйым жетекшілері бар. Мектеп Парламенті жұмыстарына тәрбие жұмысы орынбасары Г:Т:Тохметова басшылық жасайды. Парламентарий жетекшісі тәлімгер Н.А.Даримбаева

Мектеп Парламентінің жұмыс жоспары апталық циклограмма бойынша арнайы жобаларға негізделген. Аптаның дүйсенбі күні «Лездеме» жиыны өтеді. Парламент мүшелері мектеп оқушыларын апталық жұмыс жоспарымен таныстырады. Өткен апта жұмысына қорытынды жасайды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Мен оқыған кітап» айдарымен қазақ ақын-жазушыларының шығармалары негізінде викториналық ойындар, мазмұндау, саралап, талдау жұмыстары жүріп, өзге оқушыларға оқылған кітаптар оқуға ұсынылады.

Жұмысқа БІЛІМ МИНИСТРІ жауапты.

Жұмыс жоспарына сай атқарылған жұмыстар жинақталған.

27.10.2022ж. Президент сайлауы өтті. Сайлауға 5 үміткер қатысып Шеризат Даяна Мектеп

Президенті болып сайланды. Өзге үміткерлерге министрліктер бекітілді. Мектеп ішкі тәртібіне

ықпалдасатын Мектеп Парламенті апталық циклограмма бойынша жұмыс жүргізеді.

**«Оқуға құштар мектеп» жобасы** Мектеп қызметкерлерінің, оқушылардың, ата-аналардың оқу мәдениеттіліктерін дамыту, оқушылардың оқу мәдениетінің және кітап оқу белсенділігінің деңгейін арттыру, көпшілік алдында өз ойын еркін жеткізуге, тіл байлығын арттыруға ықпал ету, кітаптың адам өміріндегі маңызын түсіндіру мақсатын көздеген «Оқуға құштар мектеп» жобасы іске асыру барысында кітапханалар қорын көркем әдебиеттермен толықты, оқушылардың оқу құзыреттілігі артты, отбасылық оқуды насихатталып, ата-аналар кітап оқу жобасын іске асыру жөніндегі іс-шараларға тартылды.

Осы жобаны жүзеге асыру мақсатында ҚР Білім және ғылым министрлігі, Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы мектептегі тәрбие процесін ұйымдастыруда әдістемелік көмек беруге бағытталған, білім алушыларды тәрбиелеуде құндылыққа бағытталған тәсілді жүзеге асыру бойынша 10 әдістемелік жоба (сол жобаның біреуі «Оқуға құштар мектеп») әзірлеп, 2021 жылы 3 маусымда баспаға ұсынған. Осы әдістемелік бағдарламаны және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Ш.Каринованың 2021 жылғы

26 сәуірдегі «Білім беру ұйымдарының кітапханаларын перспективті дамытудың және «Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асырудың 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын басшылыққа ала отырып «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша жоспар жасалып, бекітілді. «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша іс-шаралар мектеп сайтында салынып, әлеуметтік желілерде жарияланды. .

Барлық пән сабақтарында кітап оқу бойынша «Бес минуттық оқу» әдістемелері енгізіліп, сабақ тақырыптарына сәйкес поэзия минуттары ұйымдастырылды. 11 қыркүйекте 9-11 және қазан айында 7-8 сынып оқушылары «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында өткен «Жаңа кітап – жаңа әлем» атты бейнеролик «кітапханаға жаңадан келген әдеби кітаптарды насихаттау таныстырылды.

17 қыркүйекте 5-8 сынып оқушылары арасында «Тіл татулық тірегі» бейнеролик, кітап бұрышы өткізілді. 17 қыркүйекте 5-7 сынып оқушылары арасында «Бір отбасы бір кітап «сурет, бейне түсірілім байқауы» 2021 қыркүйекте «Әлихан Бөкейхановтың 155 жылдығы» тәрбиелік шарада оқушылар Ә. Бөкейхановтың өмірбаяны мен еңбегіне тоқталып, даналық фразаларын жатқа айтты.

30 қазанда «Біздің мектеп кітапхана, «Оқуға құштар мектеп» жобасына өз үлестерін қосып, «Досыңа кітап сыйла» акциясын өткізді.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы оқушылар арасында кеңінен таратылып, жалғасын тапқан іс-шаралардың бірі. Осы орайда «Кітаптар әлемінде» атты тәрбиелік шараларды барлық сынып жетекшілері өткізді.

**2022- 2023 оқу жылында төменде көрсетілген жобалар жүзеге асырылуда.**

### **Дебат қозғалысы**

Мектепшілік бұйрыққа сай, дебат клубы жұмысы оқу жылы басынан жоспарлы жүргізілуде. **04.09.2021ж. Кіріспе. Пікір-сайыс туралы ұғым. Пікір сайыстыру принциптері туралы жалпы түсінік берілді.** Заман талабының сұранысына саласы жетік, адами құндылықты жанына серік еткен, айналасына сын көзбен қарап, қоғамдық өмірге белсене араласатын мектеп оқушыларының арасында “Біздің назарда” атты дебат клубы құрылды. Дебат жұмысының жылдық жоспары бекітілді. Дебат құрамында 16 оқушы . Клуб жетекшісі Н.К.Жанбырбаева мектепшілік пікірсайыс турнирлерін ұйымдастырып, мектеп намысын қорғайтын үздік оқушыларанықталды. өткізілген мектепшілік, аудандық турнирлер сайт парақшаларына салынып отырды

25.09.2022ж. Дебат клубының кезекті отырысы өтті. Клуб мүшелері "Мемлекеттік тілдің дамуына жол ашу" қарарын талқылады. "Алаш" және "Жалын" фракциялары қатысып, өз ойларын дәйектеме, артефактілермен жеткізе білді. Ойын барысында Үкімет тарапынан сөз алған "Алаш" фракциясы, оппозиция тарапынан сөз алған "Жалын" фракциясы мүшелерінің нақты, дәлелді ой тұжырымдарынан екі фракция тең түсті.

05.10.2022ж. Дебат клубының кезекті отырысы өтті. Клуб мүшелері "Бұл Палата Тәуелсіздіктің - басты құндылығымыз" қарарын талқылады. "Алаш" және "Жалын" фракциялары қатысып, өз ойларын дәйектеме, артефактілермен жеткізе білді. Пікірсайыс кезінде Үкімет тарапынан сөз алған "Жалын" фракциясы, оппозиция тарапынан сөз алған "Алаш" фракциясы мүшелері нақты, дәлелді ой тұжырымдарынан " Жалын" фракциясы жеңіске жетті. Аудандық турнир жетекшісі:Искакова Гүлзат

Дебат клубының атқарылған жұмыс нәтижелері:

1. 2021 ж. -Аудандық«Біздің назарда алаңы» пікірсайыс турнирінде «Үздік спикер» номинациясымен 11-сынып оқушысы Шамитова Толғанай марапатталды.





<https://www.instagram.com/reel/Cne3wIpDCgg/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

**Терроризм және діни экстремизмнің алдын алу шаралары** бағытында мектеп басшысымен бекітілген арнайы жылдық жоспар бойынша ақпараттық жұмыстар жүргізілуде. Аудандық прокурорының хаты негізіндегі аудандық білім бөлімі білім мекемелерінде діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу тарауы бойынша ай сайын атқарылған жұмыстар жайлы мәлімет аудандық білім бөлімі мен аудандық прокуратураға жолданып отырды.

Қыркүйек айында 9,11-сынып оқушылары арасында тарих пәнінің мұғалімдерінің ұйымдастыруымен 15.09.2021 ж. «Діни экстремизм – опат болудың жолы» тақырыбында конференция сабақ өтті. Мақсаты: экстремизм, терроризм терминдеріне кең түсінік берумен қатар, ҚР лаңкестікпен қарсы күрестің құқықтық негіздері мен қазіргі таңдағы хал-ахуал жайлы мағлұмат беру.

Жастардың теріс пиғылды діни идеологияны тұрақты қалыптастыруға бағытталған тақырыптық роликтерді (фильмдерді) көрсету жұмыстарын сынып жетекшілері ұйымдастырылып, жоспарға сай жүргізіліп келеді.

17.11.2021 ж. 8-11 сынып оқушылары «Мирас» ұлдар ұйымының жиыны өткізілді. Жиында мектеп тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары Г.Т.Тохметова діни экстремизм және терроризм тақырыбында түсіндірме жұмыс жүргізді. "Діни ағымдар және жастарға рухани тәрбие беру" тақырыбында өткен бұл кездесуге қазіргі таңда әлемде белең алып жатқан діни бағыттар жайлы, теріс пиғылдағы жат әрекеттер туралы кең түсінік берді. Ұлттық құндылықтар мен ұлттық тәрбиенің ұштастыра білген иманды ұрпақтың жарқын болашағының қадамдары туралы келелі әңгіме өрбітті.

Желтоқсан айында 15.12.2021 ж. «Терроризм мен экстремизмнің қоғамға қатері» тақырыбында Мектеп Парламенті мүшелерінің ұйымдастыруымен пікірталас өткізілді. Терроризм мен экстремизмнің қоғамға, адамға келтіретін залалы мен қиындығы туралы айтылды. Сақтық шапралары жайлы ой қозғалды.

## **2023-2024 оқу жылы**

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі Нұра жалпы білім беретін мектебі бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне негізделіп құрылды. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрде жүргізілу мақсатында 2022-2023 оқу жылына бекітілген жылдық жұмыс жоспары негізінде жұмыстар жүргізілді.

**Тәрбие жұмысындағы өзекті мәселе:** Ұлттық рухы биік адамгершілігі жоғары салауатты өмір салтын ұстанатын елінің өткенін құрмет тұтып, ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білетін жан-жақты білімді, қаблетті, жаңашыл тұлға қалыптастыру.

**Мақсаты:** «Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдары балалар мен жастарды тәрбиелеу ХХІ ғасырдың лайықты өмірін қалыптастыруға қабілетті жан – жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу.

Мектептің 2022-2023 оқу жылында тәрбие жұмысының алдына қойған «Өскелең ұрпақты демократиялық қоғамға бейім, адамгершілік құндылықтары жоғары, ұлтжанды, патриоттық бәсекеге қабілетті жеке тұлға ретінде қалыптастыру» мақсаты негізінде құқықтық, патриоттық, рухани адамгершілік, этика-эстетикалық, салауатты өмір салты, дене шынықтыру, есірткі және басқа зиянды заттарды болдырмау, экологиялық, еңбек және экономикалық, имандылық тәрбие бағыттар бойынша іс-шаралар атқарылды.

2022-2023 оқу жылы 11 сынып комплектісі, 126 оқушымен аяқталды.

## **2023-2024 оқу жылының**

### **«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖОСПАРЫ**

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты ІІ Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін: - ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

«БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

#### **«БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ» МАҚСАТЫ:**

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

#### **МІНДЕТТЕРІ:**

1. Ата-ананың өсиетін тындауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу. 2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

#### **КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ:**

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді,

мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

#### **ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.**

##### **Ұлттық мүдде құндылығы:**

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

##### **Күтілетін нәтижесі:**

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадырлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді

Ұсыным - Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

##### **Ар-ұят құндылығы:**

- Академиялық адалдыққағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

##### **Күтілетін нәтижесі:**

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

##### **Талап құндылығы:**

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командалық жұмыс істей білу;



- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орната білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

**Күтілетін нәтижесі:**

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;

Ұсыным - Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық; - Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар: Туғаннан 6 жасқа дейінгі бала тәрбиесі Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінде: - баланың дербес әрекетіне қолдау көрсету; - баланың шексіз мүмкіндіктеріне сенім білдіру; - баланың қызығушылық танытқан іс-әрекеттерін сынап көруіне мүмкіндік беру ұсынылады.

Ұсынылады:

- бесік-жырлары, арнау-тілек өлеңдер, өтірік өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар мен мақал-мәтелдер, жұмбақтар, балалар айтысы және басқа да балалардың тілдік қарым-қатынас жасауына қолайлы халық ауыз әдебиетінің үлгілері мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінің құралы ретінде жүйелі қолдану;

- балабақшада түскі (ұйқы) демалыс алдында оның жақсы ұйықтап, тынығуы үшін 0-3 жас аралығындағы бөбектерге бесік жырын (басқа да балаларға арналған жағымды әуенді әндер) тыңдату, ал 3 жастан асқан балаларға мейірімділік пен жақсылықты дәріптейтін ертегілер айту дәстүрін енгізу;

- балалармен ертегі сағаттары, «Әжемнің ертегісі», «Бал бала» тіл ширату жобалары мен іс-шараларын жүзеге асыру;

- балалардың жас ерекшелігін, қызығушылығы мен қажеттілігін ескере отырып ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарын, спорттық қимыл-қозғалыс ойындарын жүйелі қолдану ұсынылады.

Сынып жетекшілер саны – 11. Сынып жетекшілердің тәрбие жоспарлары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 Бұйрығына 10қосымшасына сәйкес тәрбиенің 8 бағыты бойынша толық жасалды. Оқу жылының басында тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру жалпы мектепшілік жұмыс жылдық жоспары бойынша жүргізілді.

### Мектеп оқушыларының әлеуметтік құрамы 2023ж

№	Әлеуметтік жағдайы	саны
1	Көп балалы отбасы	25
2	Тұрмысы төмен	--
3	Толық емес отбасы	11
4	Жетім бала	-
5	ЕБҚЕБ (ерекше білімді қажет ететін балалар) ПМПК қорытындысы бойынша	1
	Үйден оқытылатын	1
6	АІБ (РОВД), КТБИ (ИДН	-
7	МІБ (ВШК) тұрғандар	-
8	Тубвиражды	-
		4%

### Жазғы демалу-сауықтыру лагерлеріне қамтылған балалар саны

Жалпыға міндетті оқу қоры				
Оқу жылы	Мектеп жанындағы лагерь	Аудандық лагерь	Облыстық	Республикалық
2022-2023	-	1	1	1

### Қосымша білім беру ұйымдарымен жұмыс талдамасы

Оқу жылы	Оқушы саны	Қосымша білім беру мекемелері	Оқушы саны	% пайыз
2023-2024	122	С.Мұхамеджанов атындағы балалар өнер мектебі	25	25%

### Мектеп жанындағы үйірмелер мен қатысушы балалар саны

Оқу жылы	Оқушы саны	Мектеп жанындағы үйірмелер мен қатысушы балалар саны				Оқушы саны	%
		спорттық			домбыры		
		Үйірме саны	Бала саны	Үйірме саны	Бала саны		
2023-	122	5	91	1	25	106	89%

2024							
------	--	--	--	--	--	--	--

Қосымша білім беру ұйымдары мен мектеп жанындағы үйірмелер мен қатысушы балалардың жалпы саны

Оқу жылы		Үйірме,секция саны		Қатысатын балалар саны	пайызы
Оқушы саны		Қосымша білім беру мекемелері	Мектеп жанындағы Үйірме,секция		
2023-2024	122	1	5	106	89%



The image has a relationship ID 1079 was not found in the file.

## Кітапханажұмысы

Мектеп кітапханасының көлемі -96 кв.м. құрайды. Оқу залы 12орынды қамтиды.

Кітапхана заман талабына сай жиһаздармен жабдықталып,«Coworking» орталығы жасақталған.

№	Жұмыс түрі	202-2024
1	Кітап қоры	5505
2	Әдеби кітаптар	525
3	Оқулық	4816
4	Электронды кітаптар	380
№	Кітапханада жүргізілген жұмыстар	
1	Оқырмандар конференциясы	1
2	Әдеби тақырыптық кештер	1
3	Ертеңгіліктер	1
4	Саяхат сабақ	2
5	Тақырыптық кітап көрмесі	10
6	Буктрейлер	2
7	Кездесу кештері	1

Мектеп кітапханасымен бірлескен жұмысы жоспарлы жұмыс жасады. Оқулықтар тарату, жинау, бақылаумен қатар, оқушының рухани азық алуына оң ықпал етілді. 2023-2024оқу жылында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқушылармен, мектеп қызметкерлерімен бірлескен іс-шаралар ұйымдастырып, жүргізілуде. Мектеп кітапханасының қыркүйек айындағы жұмыс жоспары бойынша оқушыларға оқулық таратылып беріліп, кітапхана қорына келіп түскен оқулықтар нөмірленіп, мүлік кітабына енгізіліп, есепке алынды. Тілдер мерекесіне орай, «Тілім – менің тірегім» тақырыбында мектеп кітапханада көрме жасалып, бейнеролик көрсетілді. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында аудандық кезеңге 6 сынып оқушысы Тілеуқұл Аружан дайындық үстінде Медбикежұмысы

"Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 тамыздағы № ҚР ДСМ -96/2020 бұйрығы, "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар"санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы, орта білім беру ұйымдарында медициналықкөмек көрсетустандартынбекітутуралыҚРДенсаулықсақтауминистрініңм.а.2023жылғы 14 наурыздағы № 37 бұйрығы негізінде мектеп қабырғасында 1 медбике штаттық негізде жұмыс жасайды. Мектеп ғимаратының және оқушылардың тазалығын тоқсанына2ретбақылайды.Бақылаунәтижесіанықтаматүріндемектепәкімшілігінеберіледі. ҚРДСМ 2020 жылғы 15 желтоқсандағы№264 бұйрығынасәйкес балалармен жасөспірімдерді тереңдетілген профилактикалық тексеруден өтуі жоспарланып, зерделеніп, қорытындыланады. Анықталған аурулар диспансерлік есепке алынып, оқушылармен сауықтыру шараларының жүргізілуін бақылайды.Арнайы топ балалары бақылауда болады.Бақылау арнайы журналға тіркеледі.1-сынып оқушыларына профилактикалық егу жұмысынұйымдастырылды. Мектепо қушыларымен ұдайы санитарлық-ағартушылық жұмыстары жүргізіледі.

№	Медициналық сараптама қорытындысы бойынша анықталған ауру атаулары	2023-2024 о.ж
1	Профилактикалық тексеруге жоспарланған бала саны	550
2	<b>Тексеру барысында анықталған аурулар</b>	320
3	<b>Анықталған аурулар түрлері</b>	
	3.1 Анемия	18
	3.2 Миопия	6
	3.3 Кариес	195
	3.4 РОП ЦНС	2
	3.5 Варикоцеле	1
	3.6 Грыжа	2
	3.7 Тонзиллит	4
	3.8 Зоб	15
	3.9 ВПР ЦИС	-
	3.1 Сколиоз	-
	0	
	3.1 ДЖВП ( өт ауруы)	-
	1	
	3.1 Бронх демікпесі	1
	2	
	3.1 Семіздік	8
	3	
	3.1 ВПС	-
	4	
	3.1 Пиелонефрит	1
	5	
	3.1 Салмақ жетіспеушілік	7
	6	
	3.1 Гастрит	-
	7	
	3.1 Диф.гр.клетки	-
	8	
	3.1 Аллерг.дерматит	-
	9	
	3.2 Геникомастия	-
	0	
	3.2 Лейкоз	-
	1	
4	«Д» есепке алынғандар	31

## Учаскелік инспекторымен бірлесе жүргізілген жұмыс


### 2022-2023 оқу жылы атқарылатын профилактикалық жоспарының негізінде мектепшілік жұмыс

жоспары жасалып, құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары жүргізілді. Оқушылар арасындағы зорлық-зомбылықты, әлімжеттілікті болдырмау мақсатында бақылау-зерделеу жұмысы жүргізілді. Учаскелік полиция инспекторы полиция аға лейтенанты М.Кенбаевтың әр аптаның демалыс күндері және мереке күндері мектеп- педагогтары, ата-аналар комитеті мүшелерімен бірлесе түнгі рейд кестесіне сай жұмыс жасайды. Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында аудандық білім бөлімі, аудан әкімдігі, ішкі істер бөлімімен бірлескен, кәмелетке толмағандармен орын алатын құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша күшейтілген режимде рейд жұмыстарын жүргізу үшін мектеп әкімшілігі, педагогтері, сынып жетекшілері, ата-аналары құрамымен жоспар құрылып, күнделікті жоспарға сай сағат 10-00- ден кейін көпшілік орындар, ойын-сауық орталықтары және саябақтарда, діни орындарда беймезгіл ата-анасының қарауынсыз жүрген оқушыларды анықтау мақсатында рейд жұмысы тиянақты жүргізілді.

2022-2023 оқу жылында жасөспірімдер ісі жөніндегі аудандық бөлім есебіне тіркелген оқушы жоқ.

Елді мекенінде орналасқан азық-түлік дүкендері иелеріне мектепжасындағы оқушыларға алкогольдік және уытты заттар, темекі өнімдерін сатпау қажеттілігі ескертіліп, түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, ескертпе хат таратылды.

### **Тәрбие жұмыстарының негізгі бағыттары бойынша жүргізілген жұмыстар:**

№	Тәрбие жұмысының атауы	Өткізілген іс-шаралар	Материалдар
1	Құндылықтар Талап, Ар-ұят, Ұлттық мүдде	1- Қыркүйек білім күні Мектеп-мейірім мекені 1-11 сынып аралығында ашық сынып сағаты	<a href="https://www.instagram.com/reel/CwvNlersBYT/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==">https://www.instagram.com/reel/CwvNlersBYT/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==</a>
2	«Ахмет Байтұрсынов- тіл туының тұғыры»	10-күндік жоспар Жауапты сынып жетекшілер	<a href="https://www.instagram.com/reel/Cw-JbJwMtUd/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==">https://www.instagram.com/reel/Cw-JbJwMtUd/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==</a> 
3	«Ізгілік қалам тартқан... жас ғұмыр»	Мектеп кітапханасымен ұйымдастыру	
4	Отбасы күніне арналған «Отбасы құндылықтары»		
5	«Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау»	Шет ауданы полиция капитаны Б.Б.Жумабаев	<a href="https://www.instagram.com/reel/Cygg812s--w/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==">https://www.instagram.com/reel/Cygg812s--w/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==</a>

6	«Мектепке жол акциясы»	әлеуметтік педагог	
7	1 қазан-Қарттар күні «Ақылды қария-ағып жатқан дария»	Сынып жетекшілері	<a href="https://www.instagram.com/reel/Cx7rHHsMvwV/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==">https://www.instagram.com/reel/Cx7rHHsMvwV/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==</a> <a href="https://www.instagram.com/reel/Cx-QgeHMBMB/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==">https://www.instagram.com/reel/Cx-QgeHMBMB/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==</a>
8	5 қазан Мұғалімдер күні «Ұстаз ұлы тұлға»	Мектепшілік іс-шара	<a href="https://www.instagram.com/p/CyBYVhqM69b/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==">https://www.instagram.com/p/CyBYVhqM69b/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==</a>
9	25 қазан - Республика күні «Менің Қазақстаным»	Он күндік мектепшілік шара	<a href="https://www.instagram.com/reel/Cy0i44qshdT/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==">https://www.instagram.com/reel/Cy0i44qshdT/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==</a> <a href="https://www.instagram.com/reel/Cy0AUC0MavO/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==">https://www.instagram.com/reel/Cy0AUC0MavO/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==</a> <a href="https://www.instagram.com/reel/Cyw4k3kIIMm/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==">https://www.instagram.com/reel/Cyw4k3kIIMm/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==</a>
10	Ш.Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл	Тіл мамандары	

## Ата-анамен жұмыс

Ата-аналар арасында бала тәрбиесіне деген көңіл бөлу міндеттерін арттыру, балалардың салауатты өмір сүруіне ықпал етуге, ата- анамен мектеп ұжымы арасындағы байланысты шараларды нығайту мақсатында мектеп қабырғасында ауқымды жұмыстар атқарылды. Мектеп бойынша ата-аналар кеңесі, комитеті құрылған. Ата-аналар кеңесі 7 адамнан тұрады. Кеңес мүшелері арасында атқаратын жұмыс үйлестірілген. Әр тоқсан сайын жалпы ата – аналар жиналысы өткізілді. Ата-аналар арасында бала тәрбиесіне байланысты сауалнамалар жүргізіледі.

24.10..2023 оқу жылында мектеп бойынша **«Бақытынды баладан ізде !»** тақырыбында мектепшілік ата-аналар жиналысы өткізілді. Ата-аналардың мектеппен тұрақты қарым-қатынасын қалыптастыру мақсатындағы бұл жиын бала өмірінің қауіпсіз болуымен қатар, заманауи білім мен тәрбиені алуда үлкен шешуші рөл атқарды. Ата-ана мен мектеп ұжымын ықпалдастыратын және байланыстыратын ынтымақтастық қарым-қатынасы қоғамда үлкен жауапкершілікке ие.

<https://www.instagram.com/reel/CzByUzcsLhE/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>



## 2023- 2024 оқу жылында төменде көрсетілген жобалар Мектеп Парламенті

Мектеп Парламенті білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу мақсатында жұмыс жүргізеді. Парламентарий жұмысы өзара көмек және сенім, дамуға ұмтылу, барлық оқушылардың тең құқылығы, шешімдер қабылдаудың ұжымдылығы, оқушылардың құқықтары мен мүдделерінің басымдығы, әрбір жеке тұлғаға қатысты ізгілік, ашықтық, еріктілік, адалдық және серіктестерді құрметтеу қағидаттарынанегізделеді.

Парламенттің жобалық қызметі экологиялық, еріктілік, өлкетану, туристік, зияткерлік, экономикалық, спорттық, дебаттық, этномәдени, көркем-эстетикалық, музыкалық және басқа да шығармашылық жобалар бағытында жүргізіледі. Мектеп Парламентінен төмендегі нәтижелер күтіледі:

- ❖ Адал, мейірімді және белсенді тұлғалардың тәрбиелі жасұрпағы;



Қоғамдық (балалар мен жастар) сананы трансформациялау мен жаңғыртуда оқушылардың өзін-өзі басқару органдарының мәртебесі мен рөлін арттыру; □  
 Білім алушыларды қызығушылықтары бойынша жобалық қызметке тарту; □  
 Барлық деңгейлердегі бюджеттерден тұрақты және жүйелі қаржыландыру.

Балалар мен жастардың табысты әлеуметтенуі және өзін-өзі тиімді жүзеге асыруы үшін жағдай жасау, сондай-ақ туындайтын мәселелерді білім алушылардың өз бетінше шешуі үшін мүмкіндіктер жасау мақсатында құрылған Мектеп президенті 11 сынып оқушысы, 11 Мәкенбай Асқар сайланды. парламент 8 мүшелері бар. Мектеп Парламенті жұмыстарына тәрбие жұмысы орынбасары Г.Т.Тохметова басшылық жасайды. Парламентарий жетекшісі тәлімгер Н.А.Даримбаева

Мектеп Парламентінің жұмыс жоспары апталық циклограмма бойынша арнайы жобаларға негізделген. Мектебіміздегі парламент жұмысын жүйелі түрде жасап отыру үшін апталық циклограмманы негізге ала отырып аптаның барлық жұмыс күндері оқушыларымыздың уақытын қызықты да пайдалы өтуін қамтамасыз етудеміз. Сабақ барысында үлкен үзіліс кезінде оқушылар арасында бой жазып, сабақтан сәл тынығып бойына күш жинап алуы үшін үнемі кішігірім жарыстар, конкурстар, қызықты ойындар өткізіп отырамыз. Бұл шаралар әлемдік компаниялардың өз қызметкерлеріне жұмыс барысында жасатып отыратын бес минут үзілісі тәрізді, күш қуат беріп, оқушының ары қарай шаршамай сабақ соңына дейін энергия жинап алуына сеп болуда.

**Апталық циклограмманы жасауда негізге төмендегі шаблон алынып, мектебімізде жүріп жатқан жобаларды да қамтып отырады.**

Дүйсенбі	Лездеме жиыны. Өткен апта қорытындылап, мектебіміздің белсенді оқушылары мен мұғалімдері марапатталады. Жаңа аптаға жоспар хабарланып, оқушыларға сәттілік тілей отырып өткен аптаны тәмәмдаймыз.
Сейсенбі:	«Мен оқыған кітап» айдары. Бұл күні экс ағарту министріміз Асхат Аймағамбетов мырзаның «Оқуға құштар мектеп» жобасын қамтып отыруға тырысамыз.
Сәрсенбі:	«Ұлттық ойындар» күні. Бұл айдарда ескі салт-дәстүрімізді жаңғыртып, оқушыларымыздың дүниетанымында ата-бабаларымыздан мирас боп қалған құндылықтарымызды дәріптеудеміз.
Бейсенбі:	«Дебат» жобасы. Бұл маңызды жоба. Себебі қазіргі таңда балаларымыз экономикалық сауатты болуы тиіс. Осы мақсатта әр бейсенбі оқушылардың экономикалық сауатын ашатын шаралар жасауға тырысамыз
Жұма:	«Білгенге маржан» айдары. Бұл күні оқушылардың жан-жақты білімі тексеріліп бағаланып отырады. Күн соңы штаб отырысымен аяқталады.

Аптаның дүйсенбі күні «Лездеме» жиыны өтеді. Парламент мүшелері мектеп оқушыларын апталық жұмыс жоспарымен таныстырады. Өткен апта жұмысына қорытынды жасайды. Сейсенбі күні «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Мен оқыған кітап» айдарымен қазақ ақын-жазушыларының шығармалары негізінде викториналық ойындар, мазмұндау, саралап, талдау жұмыстары жүріп, өзге оқушыларға оқылған кітаптар оқуға ұсынылады. Жұмысқа БІЛІМ МИНИСТРІ жауапты.

«Парламент тынысы» жобасы аясында «Оқушы Үні» жобалары іске асырылуда. Жұмыс жоспарына сай атқарылған жұмыстар жинақталған.

Мектеп ішкі тәртібіне ықпалдасатын Мектеп Парламенті апталық циклограмма бойынша жұмыс жүргізеді.

## **Дебат қозғалысы**

Мектепшілік бұйрыққа сай, «Біздің назарда» дебат клубы жұмысы оқу жылы басынан жоспарлы жүргізілуде. 2023-2024 оқу жылы «Біздің назарда» дебат клубының бекітілген жылдық жоспарына сәйкес әр ай сайын 1 дебат отырысы белгіленді. Жоспар бойынша көрсетілген тақырыптар бойынша дебат отырысы өткізіліп жатыр. Әр отырыстың нәтижесі төмендегідей:

2022-2023 оқу жылында "Біздің назарда" дебаттық жобасының жұмыстары:

Жыл басында үйірмеге мүшелер тартып, жұмыс жоспарын жасап, оқушыларға жоспар таныстырылды.

Қазан айында 25-Қазан Республика күніне орай ұйымдастырылған "Тәуелсіз ел-жаңа Қазақстан" тақырыбында аудандық пікірсайыс турнирі өтілді. Мектебімізден 10-сынып оқушылары Мұздыбаева Айдана қатысып, Алғыс хатпен марапатталып қайтты.



<https://www.instagram.com/reel/Cne3wIpDCgg/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

## **«Оқуға күштар мектеп» жобасы**

Жоба оқушыларды кітап оқыту арқылы, ойын айқын, сөзін анық, нақты жеткізіп, сауатты жаза алатын ұрпақты тәрбиелеуді көздейді. Осының нәтижесінде кітапты қызықтыра оқыту үшін «Өзін оқып, өзгеге ұсын!» READx book, «Оқы және өзгеге сыйла!» Bookcrossing,

«Кітаппен өткен демалыс күнім қызықты» Күзгі, қысқы, көктемгі, жазғы демалыс кезінде кітап оқу, Кел, бірге оқиық!, «20 минут оқы да, 3 минут эссе жаз» кітап оқу акциясы (үзіліс кезінде бір мезетте ұжыммен, оқушылармен кітап оқуы), кітап оқу акциясы, кітап оқу сәні, оқу сағаттары, TEDx жобасы

### **Жобаның мақсаты:**

Оқу мәртебесін, оқу сауаттылығын және оқу сапасын арттыру, сондай-ақ жас ұрпақ бойында жоғары азаматтық және рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, мәдени және оқу құзыреттілігін дамыту, отбасылық кітап оқу дәстүрін арттыру.

### **Жобаның міндеттері:**

- Мектеп оқушыларының кітап оқу белсенділігін дамыту;
- Жас ұрпақтың өскелең талабын қанағаттандыруда, рухани байлығын, жалпы ой-өрісін дамытуда, жоғары эстетикалық талап – талғамын қалыптастыруда ең үлкен де ұлы тәрбие құралы – кітап екенін түсіндіру; □ Интерактивті әдістемелерді қолдану:
  - Электронды кітаптарды оқуға баулу;
  - Аудиокітаптардың тізімін беру, қолдана білу;
- “BookCrossing” кітап алмасу қозғалысын дамыту.

### **Жобадан күтілетін нәтижелер:**

- Мектеп оқушыларының кітап оқуға белсенділігі артады.
- Отбасылық кітап оқу дәстүрі жаңғыртылады.
- Жас ұрпақтың өскелең талабын қанағаттандыруда, рухани байлығын, жалпы ой-өрісін дамытуда, жоғары эстетикалық талап-талғамын қалыптастыруда ең үлкен де ұлы тәрбие құралы – кітап екенін түсінеді.
- Интерактивті әдістемелерді қолдану арқылы электронды кітаптарды оқуға және

аудиокітаптарды қолдана білудіменгертеді.

➤ “BookCrossing” кітап алмасу қозғалысыдамиды.

Аталған жоба аясында озат оқушыларымыз қанжығасын майлап, жеңістің тұғырынан көрініп жүр. Кітаптың қазынасын түсінген балалар мәнерлеп оқу, түсініп оқу секілді сансалалы көзқарастармен қамтылды. Және де жемісті нәтижемен, қорытындымен аяқталуда!

**2023 -2024 оқужылында тәрбие саласы бойынша өткізілген іс-шараларды қорытындылай келе, жіберілген кемшіліктерді ескере отырып жаңа оқу жылына төмендегі жаңа міндеттер алға қойылады:**

- Сыныптан тыс өткізіліп жатқан іс –шараларға оқушылардың толыққатысуын қамтамасыз ету;
- Үштік қоғамдық ұйым, ата-ана, мұғалім, оқушы үнемі байланыста тығыз қарым қатынаста болуынқадағалау;
- Терорризм және жалған ақпарат беру тұралы жұмыстарды жандандыру;
- Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалануға және қоғамдық ортада өзін-өзі ұстауға және мәдениеттілікке үйрету;
- Қыздар және ұлдар ұйымының жұмысын жан-жақты жандандыру;
- Сынып жетекшілердің жұмыс жоспарын жүйелеу;
- Құқықтық тәрбие бойынша жұмыстарды назарға алу;
- Ақысыз үйірме бойынша жұмыстарды назарда ұстау;
- Дебаттық қозғалыс жұмысын жандандыру;
- Дебаттық қозғалыс жұмысын жандандыру;

Мектеп Парламенті жұмыстарын жүйелеп, саралау, нақтылау.

**Қорытынды:** Мектептегі тәрбие жұмыстары «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хаты негізінде жүйеленіп, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына 10-қосымшасы негізінде жоспарланған.

**Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру**

### **Талдау нәтижелері:**

Оқушыларды ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар идеясымен тәрбиелеудегі жобалар тәрбие үдерісінде жеке тұлғаның құзіреттілігі мен көшбасшылық белсенділігін қалыптастыруға бағыттала жүйеленген.

**«Оқуға құштар мектеп» жобасы** бойынша іс-шаралар мектеп сайтында салынып, әлеуметтік желілерде жарияланды. Мектеп қызметкерлері арасында «Оқуға құштар мектеп» жобасын ұжым бойынша талқылау жұмыстарын жүргізілді. Мектеп кітапханашылары А.Матаева, сынып жетекшілермен бірлесе отырып ата-аналар жиналыстарын өткізу барысында «Оқуға құштар мектеп» жобасы жоспарымен таныстырып, оқушылардың кітап оқу мәселелері бойынша ата-аналардың атқаратын рөліне тоқталды.

Барлық пән сабақтарында кітап оқу бойынша «Бес минуттық оқу» әдістемелері енгізіліп, сабақ тақырыптарына сәйкес поэзия минуттары ұйымдастырылды. 11 қыркүйекте 9-11 және қазан айында 7-8 сынып оқушылары «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында өткен «Жаңа кітап – жаңа әлем» атты бейнеролик «кітапханаға жаңадан келген әдеби кітаптарды насихаттау таныстырылды. **Азаматтық-патриоттық тәрбиені іске асыруда «Мектеп Парламенті» жобаларымен** жұмыстар жүргізілген. Жоба білім алушылардың құқықтық сауаттылығы мен құқықтық санасын және құқықтық мәдениетін арттыруға бағытталған. Осы жоба шеңберінде заманауи әдістемелер

негізінде білім беру және тәжірибеге бағдарланған іс-шараларды жоспарлы түрде өткізілген. Жоба мақсаты: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

«Құқықтық сана-қауымға пана» жобасы бойынша «Құқықтық сауаттылық-заман талабы» атты тақырыпта дөңгелек үстел, 9-11 сынып оқушылар арасында «Вандализм қоғам дерті» атты тақырыпта сыныптан тыс дәріс, 10 сынып ата-аналарымен «Құқықтық тәрбие негізі отбасынан басталады» атты тақырыпта тренинг, «Қоғам-Бала-Отбасы» атты тақырыпта ПБ мамандарымен кездесу өткізілген. «Құқықтық мәдениет және жастар» пікір сайысы, жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, және буллинг, кибербуллинг жайында түсінік беру мақсатында айына 1 рет жиналыс, сондай-ақ 9-11 сынып оқушыларының арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың, құқық бұзушылықтың алдыналу мақсатында дәріс сабақтары өткізілген.

Балалар мен жастардың табысты әлеуметтенуі және өзін-өзі тиімді жүзеге асыруы үшін жағдай жасау, сондай-ақ туындайтын мәселелерді білім алушылардың өз бетінше шешуі үшін мүмкіндіктер жасау мақсатында құрылған **Мектеп Парламенті** құрамында Президент, Премьер-министр, Мектеп Парламенті жұмыстарына тәрбие жұмысы орынбасары Г.Тохметова басшылық жасайды. Парламентарий жетекшісі информатика пәнінің мұғалімі Д.Оспанова. Жұмыс жоспарына сай, парламентарий апталық циклограмма негізінде жұмыс жүргізген. 27.10.2021 ж. Президент сайлауы өтті. Сайлауға 7 үміткер қатысты. Ашық сайлау нәтижесінде 66% басымдықпен 11 сынып оқушысы Мекенбай Асқар Мектеп Президенті болып сайланды. Өзге үміткерлерге министрліктер бекітілді.

Мектептің ішкі тәртібіне ықпалдасатын Мектеп Парламенті апталық циклограмма бойынша жұмыс жүргізеді.

### **ҚОРЫТЫНДЫ:**


«Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқаулық хатына сәйкес, Нұра ЖББ мектеп тәрбие жүйесінде білім алушылардың «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Тәрбие мен оқытудың өзара тығыз байланысын бір-бірімен бөлінбейтін біртұтас процесс.

## Медбике жұмысы

"Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 тамыздағы № ҚР ДСМ -96/2020 бұйрығы, "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы, орта білім беру ұйымдарында медициналық көмек көрсету стандартын бекіту туралы ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2023 жылғы 14 наурыздағы № 37 бұйрығы негізінде мектеп қабырғасында 1 медбике штаттық негізде жұмыс жасайды. Мектеп ғимаратының және оқушылардың тазалығын тоқсанына 2 рет бақылайды. Бақылау нәтижесі анықтама түрінде мектеп әкімшілігіне беріледі. ҚРДСМ 2020 жылғы 15 желтоқсандағы №264 бұйрығына сәйкес балалармен жасөспірімдерді тереңдетілген профилактикалық тексеруден өтуі жоспарланып, зерделеніп, қорытындыланады. Анықталған аурулар диспансерлік есепке алынып, оқушылармен сауықтыру шараларының жүргізілуін бақылайды. Арнайы топ балалары бақылауда болады. Бақылау арнайы журналға тіркеледі. 1-сынып оқушыларына профилактикалық егу жұмысын ұйымдастырылды. Мектеп оқушыларымен ұдайы санитарлық-ағартушылық жұмыстары жүргізіледі.

р/с	Аурудың атауы	«Д» есептегі ұрғандар		Денсаулығы жақсартқандар	
		Ұл	Қыз	Ұл	Қыз
1	Железнодорожная анемия	-	-		
2	Нерв жүйесінің ауруы ЗПР	3 1	-		
3	ДЦП	-	-		
4	Миопия	2	-		
5	Лимфаденит	-	-		
6	Ревматизм	-	-		
7	Бронхиальная астма	-	-		
8	Салмақ жетіспеушілігі	1	-		
9	Аскаридоз ауруы	-	-		
10	Ұйқы безінің ауруы	-	-		
11	Аллергиялық дерматит	-	-		
12	Бүйректің ауруы	-	-		
	<b>Барлығы</b>	7			

№	Медициналық сараптама қорытындысы бойынша анықталған ауру атаулары	2021 жыл	2022-жыл	2023 жыл
1	Профилактикалық тексеруге жоспарланған бала саны	135	130	122
2	Тексеру барысында анықталған аурулар			
3	Анықталған аурулар түрлері			
	3.1 Анемия			1
	3.2 Миопия	4	6	1
	3.3 Кариес	68	72	102
	3.4 РОП ЦНС ЗПР			1 1
	3.5 Варикоцеле			
	3.6 Грыжа			
	3.7 Тонзиллит	2	2	
	3.8 Зоб			
	3.9 ВПР ЦИС			
	3.10 Сколиоз			
	3.11 ДЖВП(өт ауруы)			
	3.12 Бронх демікпесі			
	3.13 Семіздік	2	-	-
	3.14 ВПС			
	3.15 Пиелонефрит			
	3.16 Салмақ жетіспеушілік	1		
	3.17 Гастрит			
	3.18 Диф.гр.клетки			
	3.19 Аллерг.дерматит			
	3.20 Геникомастия			
	3.21 Лейкоз			
4	«Д» есепке алынғандар	1	1	1



**Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру ( оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі)**

**Таллау нәтижелері :**

2020-2021 оқу жылы бойынша білім алушылардың бейіналды деңгейін анықтау және мамандыққа бейімділігін қарау мақсатында сауалнама, диагностикалық, талдамалы жұмыстар жүргізілген. Талдау нәтижелері бойынша қолданбалы және таңдау курстарына сағаттар бөлінген. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) , ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 119,120-қосымшалары (2019 жылғы 15 мамырдағы № 205 бұйрық 2-қосымша) басшылыққа алынған.

Оқу жылында педагогикалық кеңесте білім алушылардың бейініне қарай сынып ашылуы, оларға бөлінетін пәндер көлемі мен талабы қаралып, хаттамаланған. Оқушылардың таңдау және ата-аналарының өтініштері негізінде бейініне қарай 10- сынып жаратылыстану математика, 11 сыныптар жаратылыстану математика Бағытқа сәйкес тереңдетілген және стандарттық деңгей бойынша сағаттар бөлінді.

10,11 сыныптар .Бағыты: жаратылыстану-математика бағыты

Оқу жылы	10 сынып		11 сынып	
	Сынып саны	Оқушы саны	Сынып саны	Оқушы саны
2020-2021	1	8	1	7
	1.Кәсіпкерлік және бизнес негіздері 2.Биология 3.Химия 4.География		1.Кәсіпкерлік және бизнес негіздері 2.Биология 3.Химия	

Оқу жоспары түлектің қажеттілігін ескере отырып және оның қызығушылықтары мен бейімділіктеріне сәйкес келетін, оқушылардың жас ерекшеліктерін назарға ала отырып әзірленген. Аптасына сағат саны бекіткен апталық жүктемеден аспайтын, оқушының дамуына бағытталған.

**Қорытынды:** Бейінді оқыту бойынша білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктері ескерілген. Бөлінген сабақтар сабақ кестесінде көрініс тапқан.

**Бағалау нәтижесі:** 2021-2022 оқу жылы бойынша оқу жылында білім алушыларды мамандыққа бағдарлау және бейіналды қабілетін қалыптастыру үшін жоспарлы жұмыстар ұйымдастырылған. Бұл жұмыстар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығымен бекітілген(1,6,99,100-қосымшалары) Негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары негізінде жүргізілген. Бейінді оқытуды қолданбалы және элективті курстардың бағдарламаларын әдістемелік- бағдарламалық қолдау қамтамасыз етілген. Жоғары (бейінді) сыныптарды жинақтау үшін объективті негіз ретінде негізгі мектепті бітірушінің қорытынды білім беру рейтингісі жасалған. Бейінді оқыту, әр түрлі деңгейлі бағдарламаларды енгізу бойынша білім беру ұйымының қызмет перспективалық болжау және жоспарлау жұмыстары ұйымдастырылған.

Оқу жылында педагогикалық кеңесте білім алушылардың бейініне қарай сынып ашылуы күн тәртібіне қойылған, хаттамаланған. Оқушылардың таңдау және ата-аналарының өтініштері негізінде бейініне қарай 10 а - сынып бір қоғамдық-гуманитарлық (14 оқушы), 10 б сынып жаратылыстану-математикалық (17 оқушы), 11-сынып жаратылыстану-математикалық бағыт ( 21 оқушы) сыныптары ашылған.

Мектептің оқу жоспары түлектің моделіне сәйкес және оның қызығушылықтары мен бейімділіктеріне сәйкес келетін, оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып әзірленген, аптасына сағат саны ҚР Білім және ғылым министрлігі бекіткен апталық жүктемеден аспайтын оқушының дамуына бағытталған.

**Қорытынды:** Оқу жылында білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескерілген, бейінді оқытуды іске асыру талапқа сай жүргізілген.

10,11 сыныптар .Бағыты: жаратылыстану-математика бағыты

Оқу жылы	10 сынып		11 сынып	
	Сынып саны	Оқушы саны	Сынып саны	Оқушы саны
2022-2023	1	8	1	7
	1.Жаһандық құзыреттілік (Кәсіпкерлік және бизнес негіздері) 2.физика 3.биология		1.Жаһандық құзыреттілік (Кәсіпкерлік және бизнес негіздері) 2.физика 3.биология	

**Бағалау нәтижесі:** 2022-2023 оқу жылы бойынша оқу жылында білім алушыларды мамандыққа бағдарлау және бейіналды қабілетін қалыптастыру үшін жоспарлы жұмыстар ұйымдастырылған. Бұл жұмыстар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығымен бекітілген (85,86 - қосымшалары) жалпы орта білім берудің (жаңартылған мазмұн) үлгілік оқу жоспарлары негізінде жүргізілген.

Бейінді оқытуды қолданбалы және элективті курстардың бағдарламаларын әдістемелік- бағдарламалық қолдау қамтамасыз етілген. Жоғары (бейінді) сыныптарды жинақтау үшін объективті негіз ретінде негізгі мектепті бітірушінің қорытынды білім беру рейтингісі жасалған. Бейінді оқыту, әр түрлі деңгейлі бағдарламаларды енгізу бойынша білім беру ұйымының қызмет перспективалық болжау және жоспарлау жұмыстары ұйымдастырылған.

2023-2024 оқу жылында:

Оқу жылы	10 сынып		11 сынып	
	Сынып саны	Оқушы саны	Сынып саны	Оқушы саны
2022-2023	1	8	1	7
	1.Жаһандық құзыреттілік (Кәсіпкерлік және бизнес негіздері) 2.физика 3.биология		1.Жаһандық құзыреттілік (Кәсіпкерлік және бизнес негіздері) 2.физика 3.биология	

**Қорытынды:** Оқу жылында білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескерілген, бейінді оқытуды іске асыру талапқа сай жүргізілген.



## Білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру

### Талдау нәтижелері :

2023-2024 оқу жылында 1-сыныпқа бір оқушы инклюзивті сыныпқа қабылданды. Төлеутай Мұхамедәли-20,04,2016ж. туған. Дәрігерлік қорытынды диагнозы –«Психикалық дамудың тежелуі (ЗПР)». Жапы сөлеу тілінің дамымауының III деңгейлі оқушы жалпы білім беретін оқу бағдарламасы бойынша білім алуда. Сабаққа қатысуы, оқуға қабілеті жақсы сыныптастарымен жақсы қарым қатынасты.

Оқыту жеке оқу жұмыс жоспарына сәйкес бастауыш сыныптың жалпы білім беру бағдарламасы бойынша жеңілдетілген түрі бойынша жүзеге асырылып жатыр.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқу жылының ұзақтығы 33 оқу аптасын құрайды.

Сабақтың ұзақтығы 45 минут. Қажет болған жағдайда баланың жағдайын есепке ала отырып, сабақтар үзілуі мүмкін. Жеке оқу жұмыс жоспарын орындауда ата – ананың ( немесе заңды өкілдердің) және дәрігердің келісімімен мектептегі кейбір сабақтарға тікелей және онлайн қатысуға рұқсат етіледі. Әлеуметтік бейімдеу және қоғамға кіріктіру, балалар ұжымында өзін жайлы сезіну, әлеуметтік мәртебесін көтеру мақсатында мектептің іс шараларына және қосымша білім беруге қатысуы қарастырылған.

**ҚОРЫТЫНДЫ:** Балаларды оқытатын жалпы білім беретін мектептердің тәжірибесі бойынша жеке оқу жұмыс жоспары әрбір білім алушыға бөлек, оның жеке және психофизикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып жүргізіледі.

# Таңдау курстарын және вариативті компоненттегі факультативтерді ҮОЖ сәйкес жүзеге асыру

## Талдау нәтижелері :

Осы өлшемшарт бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерделеу кезеңінде,

2021-2022 оқу жылында

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

ҚР БҒМ 2012 жылғы 12 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (2018 жылғы 10 қазандағы № 556 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары («Өзін-өзі тану» пәні бойынша 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 266 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2018 жылғы 10 мамырдағы № 199 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

